



АЛМАТЫЛЫҚ СТУДЕНТТЕР

робототехникадан
Әлем чемпионы
атанды

7

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ КЕРЕК

10

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ



ОТАНДАСТАР БАС ҚОСҚАН ФОРУМ

16

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №121 (6414) 12 қазан, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

ОТАНДЫҚ СПОРТ ЖӘНЕ ЕЛ НАМЫСЫ

әділеттілік қағидаты мен бәсекенің шынайылығы бірінші орында тұруға тиіс



Мемлекет басшысы биылғы 23 қыркүйек пен 8 қазан аралығында Қытайда өткен XIX жазғы Азия ойындарының жүлдегерлерін қабылдады.

«Елімізде үздік нәтижеге қол жеткізу үшін барын салып, еңбек етуге әзір қыз-жігіттер жеткілікті. Легионерлерге иек арта бермей, өзіміздің спортшыларға жол ашуымыз керек. Фаворитизм мен әділетсіздіктің кез келген түріне тосқауыл қойып, іріктеудің ашық және шынайы өткізілуін қамтамасыз ету аса маңызды. Халықаралық жарыстарда ел намысын үздіктердің үздігі ғана қорғауы керек. Отандық спортта әділеттілік қағидаты мен бәсекенің шынайылығы бірінші орында тұруға тиіс».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

2

ЭВАКУАЦИЯ

ӘР АДАМНЫҢ ӨМІРІ МАҢЫЗДЫ

Израильдегі Қазақстан азаматтары елге оралды

Биыл 7 қыркүйекте Қазақстаннан Израиль астанасы Тель-Авивке авиабайланыс орнатылған еді. Израильге баруды ойлаған азамат енді тікелей Алматыдан сонда ұшуға мүмкіндік алған болатын. Ол кезде тура 1 айдан соң жағдай осыншама ушығып кетерін кім білген? Десе де, әр істің қайыры бар. 10 қазанда түнгі сағат 23.45 шамасында Тель-Авивтен еліміздің азаматтары ұшып келді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ

7 қазан күні кешке Facebook желісінің бір қолданушысы Эйр Астана Қазақстан азаматтарын Израильде тастап кетті деп шырылдап жазып еді. Шындығында, олай болмай шықты. Соғыс әрекеттері болып жатқан аймақтан ел азаматтарын алып шығу негізі – әскери операция. Сондықтан азаматтық ұшақ арқылы тасымалдау жеке компания үшін ғана емес, пилоттар үшін де үлкен жауапкершілік.

Air Astana компаниясының пилоты, экипаж командирі Олег Колесников экипаж мүшелері қауіпсіз аймаққа бара жатқанын



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

біле тұра ерікті түрде келіскенін атап өтті. Компанияның маркетинг және сауда бойынша вице-президенті Әділ Дәулетбек: «Тель-Авив аэропортында бірде-бір қазақстандық қалған жоқ. Бәрін алып келе алдық», – деп мәлімдеді.

Ол: «Біз ол мемлекеттегі жағдайды мұқият бақыладық. Біз үшін бұл күрделі шешім болды. Себебі, онда азаматтық рейстер қалмаған еді. Олардың бәрі тоқтаған болатын», – деп сөзін қорытындылады.

Ұшақтың келуін жолаушылардың туған-туыстары тағатсыздана күтті. Күтушілердің бірінің есімі – Данияр Рамазанов. Анасын күтіп алу үшін әйелі, балаларымен бірге келіпті. Оның сөзінше, анасын 5 жарым жылдан бері көрмеген. Онда жұмыс бабымен барған. Ол анасын елге алып келуге атсалысқан компанияға алғысын жеткізді.

Ресми мәлімет бойынша, 166 жолаушы ұшып келді, оның 124-і еліміздің азаматтары.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

12.10.2023

Түнде:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+27 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

13.10.2023

Түнде:



+10+12 °C

Бұлт көбейе басталуы,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+14+16 °C

Бұлт көбейе басталуы,
жаңбыр, кей уақытта қатты.Желдің жылдамдығы:
3-8, кей уақытта екпіні 13 м/с
www.almaty-akshamy.kz




● ПРЕЗИДЕНТ

ОТАНДЫҚ СПОРТ ЖӘНЕ ЕЛ НАМЫСЫ

әділеттілік қағидаты мен бәсекенің шынайылығы бірінші орында тұруға тиіс

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы қазақстандық спортшыларды жүлделерімен құттықтады. Сондай-ақ, жуырда Ризабек Айтмұхан еркін күрестен қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы атанғанын еске салды.

Бәсеке өте жоғары болған Азиада ойындарында ел құрамасы 10 алтын, 22 күміс, 48 қола медаль иеленді. Атлеттеріміз нысана көздеу, ескек есу, веложарыс, джиу-житсу спортынан үздік шықты. Мемлекет басшысы қаратәден жалпы командалық есепте бірінші орын алған Қазақстан құрамасын ерекше атап өтіп, осы спорт түрінен Азиадаға қатысқан 8 спортшының бәрі жеңіс тұғырына көтерілгеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыларымыздың жеңіске жетуіне бапкерлер және басқа да мамандар айрықша үлес қосқанына тоқталды. Осы орайда Мемлекет басшысы спортта жеңіс пен жеңіліс қатар жүретінін атап өтті.

— Қажырлы еңбек пен жеңіске деген мұқалмас ерік-жігердің арқасында әрқайсыңыз жоғары нәтижеге қол жеткіздіңіздер. Алайда, еліміздің жалпы көрсеткіші өткен Олимпиада мен Азиада ойындарынан да өте жақсы болуы мүмкін еді. Мұны ашық айтуымыз керек. Бокс, ауыр атлетика, еркін және грек-рим күресі дәстүрлі түрде ел құрамасының қоржынына жүзде салып, айтарлықтай үлес қосатын. Жеңіл атлетика, спорттың командалық түрлері жанкүйерлерімізді көбірек қуанышқа бөлейтін. Барлық спорт түрі бойынша кеткен қателіктерді түзету үшін ауқымды жұмыс атқару қажет, — деді Президент.



Қасым-Жомарт Тоқаев спорт саласы әрдайым мемлекеттің назарында болатынын айтты. Жыл сайын спортты дамыту үшін қомақты қаржы бөлінеді. Алайда, Президенттің пікірінше, еліміздің кәсіби спорттағы көрсеткіштері аса жоғары деңгейде емес.

— Ашығын айтуымыз керек, нәтижеміз мемлекеттен бөлініп жатқан қаражаттың барынша тиімді жұмсалмайтынын көрсетеді. Мұндай жағдайға жол беруге болмайды. Спорт саласына түбегейлі өзгерістер, яғни реформа қажет. Тиісті министрлік осы мәселені жан-жақты қарап, спортты дамытудың мүлде жаңа жолдарын ұсынуы керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жуық арада спортты дамыту үшін қабылдауға тиіс нақты шараларға тоқталды. Президенттің айтуынша, ең алдымен, кәсіби спорт түрлеріне

бөлінетін қаражаттың қайтарымын түбегейлі арттыруға көңіл бөлген жөн. Өмірлердің ерекшеліктеріне сәйкес нақты спорт түрлеріне баса назар аударып, қаржыны негізсіз жұмсау тәжірибесін тоқтату қажет. Сонымен қатар, бұқаралық спорт пен дене шынықтыруды дамытуға көңіл бөле отырып, аталған саланы қаржыландыру моделін қайта қараған дұрыс.

Президент спорт саласын басқару сапасын жақсартуды келесі басымдық ретінде атап өтті.

— Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық олимпиада комитеті (ҰОК) және федерациялар арасында үйлесім жоқ. Спортты басқару институттарының қызметі мен өзара ықпалдастығына қатысты бүкіл жүйені қысқа мерзімде қайта қарау қажет. ҰОК-нің қызметін жетілдіру ісіне де назар аудару керек. Туризм және спорт министрлігі, ҰОК және феде-

рациялардың жұмысын үйлестіруді түбегейлі жолға қою керек. Тиімді байланыстың, ықпалдастықтың және өзара жардамдесудің болмауы жақсы нәтижеге жеткізбейді, яғни жеңіліске әкеп соқтырады. Париж Олимпиадасы қарсаңында мұндай келеңсіздікке жол беруге болмайды. Мемлекеттің бюджетінен қаржыландырылатын спорт федерацияларының қызметіне ревизия жасау қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент ұлттық құраманың дайындық деңгейін арттыру мәселесін негізгі міндеттің бірі ретінде атады. Мемлекет басшысының пікірінше, атлеттеріміздің жоғары деңгейде дайындалуы үшін спорт медицинасы мен фармакология бағытындағы заманауи инфрақұрылыммен жабдықтау маңызды. Бұл жерде Ұлттық спорт университеті негізгі рөл атқарады. Сондықтан оның құрылы-

сын жылдамдату керек. Спорт саласында әлемдік деңгейдегі төрешілерді дайындауға күш салу қажет. Сондай-ақ, жаттықтырушылар мен басқа да спорт мамандарының жалақысын көтеріп, қосымша әлеуметтік қолдау шараларын қабылдаған жөн.

Президент спортшылардың резервін даярлау мәселесіне арнайы тоқталып, Үкімет пен әкімдер дарынды әрі болашағынан зор үміт күттіретін атлеттерге қолайлы жағдай жасауға тиіс екенін айтты.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында өткен жарыстардағы олқылықтардан нақты сабақ алып, алдағы Париж Олимпиадасына тыңғылықты дайындалуға шақырды. Президент спортшыларға және бапкерлер корпусының жұмысына табыс тіледі. Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар спортшыға Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамоталарын табыстады.

● ЖҰМЫС САПАРЫ

«АНАҒА ТАҒЗЫМ»

орталығы жастарға тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Қызылорда облысына барды. Сыр өңіріне сапар Нағи Илиясов ауылының тыныс-тіршілігімен танысудан басталды. Сондай-ақ, Президент өңірдегі маңызды нысандар жобасымен танысты. Құрылыс индустриясын дамытуда маңызды рөл атқаратын Темірбетон бұйымдары зауытында болды. Өлкенің брендіне айналған күріш өндірісімен танысу үшін «Алтын орда» зауытына барды. Осы өндірістік кешен аумағында былтыр іске қосылған «Ассоль» тұз өндіру зауытын, Қызылорда қаласында жақында бой көтерген, жалпы құны – 1 миллиард 700 миллион теңге «Анаға тағзым» орталығын аралап көрді.

ЕҢБЕК АДАМДАРЫНА – ҚҰРМЕТ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ!

«Абзал және К» шаруашылығының демеушілігімен салынған Нағи Илиясов ауылының спорт кешенінде жергілікті халық футбол, волейбол, үстел теннисі және күрес түрлерімен емін-еркін шұғылданады. Мемлекет басшысы осында жаттығып жүрген жеткіншектермен әңгімелесті. «Спортпен шұғылдану керек. Әсіресе, өздеріңіз сияқты жастарымыздың дені сау, мықты азамат болып өсуі қажет. Себебі, Қазақстанның болашағы – сіздердің қолдарыңызда. Жастардың дені сау болса, мемлекет те қуатты болады. Сыр елінен мықты спортшылар шыққан. Өлі де көптеген чемпиондар шығады деп сенемін», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент былтыр ғана бой көтерген «Еңбек аллесаында» еңбек адамдарымен жүздесті. «Шын мәнінде, еңбек адамдары халқымыз үшін ең қажет азаматтар. Ең алдымен, біз еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек. Сіздер осы ақ күршітін атасы – Ыбырай Жақаевтың жолын жалғап жүрсіздер. Сон-

дықтан мен сіздерді қолдаймын. Ауылда жастардың жұмыс істеуіне, өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалған. Осындай ауылдарды көбейтуіміз керек. Оған шамамыз да, қаражатымыз да жетеді. Кәсіпкерлермен кездескенімде елдімекендерге қаржы салып, көмектесу керек деп үнемі айтып келемін. Нағи Илиясов басқа ауылдарға да үлгі болуы қажет. Сондықтан өзге облыстар да ауылдарды осылай дамытады деп ойлаймын», — деді Мемлекет басшысы.

ЖОБА ҚҰНЫ – 20 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ

Президентке «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалының құрылысы жөнінде баяндалды. Жоба құны – 20 миллиард теңге. Жаңа терминал келесі жылы пайдалануға беріледі. Нысан қолданысқа берілгеннен кейін жолаушылар тасымалы бір сағатта 250 жолаушыға қызмет көрсете алады. Сондай-ақ, түрлі бағыттарға ұшатын әуе рейстерінің саны артады. Бұдан бөлек, Қызылорда қаласында заманауи үлгіде салынып жатқан



автобекет биыл жыл соңында іске қосылады. «Қызылорда – Жезқазған» автожолын салу аясында бүгінде Қызылорда облысының аумағына тиесілі 216 шақырым жолдың 104 шақырымы жасалды.

Сонымен қатар, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі аралығын (566 км) I-санаттағы 4 жолақты жолға ауыстыру жоспарланып отыр. Ал қалада шетелдік инвестиция есебінен салынып жатқан жаңа ЖЭО 240МВт электр қуатын және сағатына 277 жылу қуатын өндіре алады. Жобаның болжамды құны – 215 миллиард теңге. 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға берілетін ЖЭО қаланың жылу және электр қажеттілігін толық қамтамасыз етіп қана қоймай, артылған электр энергиясын басқа өңірлерге сатуға мүмкіндік бермек.

«АЛТЫН ОРДА» ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Мемлекет басшысы Сыр өңіріне жұмыс сапары аясында осы өлкенің брендіне айналған күріш өндірісімен танысу үшін «Алтын орда» зауытына барды.

Зауыт жылына 30 мың тонна ақталған күріш өндіреді. Өнімнің басым бөлігі ішкі нарыққа, сонымен қатар көршілес елдерге өткізіледі. Президент агроөнеркәсіп саласын әртараптандыру, әсіресе, суды аз қажет ететін дақылдарды өсіру маңызды екеніне назар аударды. Дегенмен, экспорттық әлеуеті жоғары дәстүрлі күріш шаруашылығын одан әрі жетілдіруге де баса мән беру қажеттігін атап өтті. Бұл ретте Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты украиналық мамандарымен бірлесіп, күріштің басқа да сорттарын жерсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев осы өндірістік кешен аумағында былтыр іске қосылған «Ассоль» тұз өндіру зауытын да аралап көрді. Аралдың тұзын кедеге жаратып, ас тұзын шығаратын кәсіпорында 130 адам жұмыспен қамтылған. Өнім көршілес Ресеймен қатар, Латвия, Литва, Эстония, Беларусь мемлекеттеріне экспортталады.

МАҚСАТ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰРПАҚҚА МИРАС ЕТУ

Мемлекет басшысы Қызылорда қаласында жақында бой көтерген «Анаға тағзым» орталығын аралап көрді. Биыл демеушілердің қолдауымен салынған орталықтың жалпы құны – 1 миллиард 700 миллион теңге.

Жобаның мақсаты – ұлттық құндылықтарды ұрпаққа мирас етіп қалдыру, дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, әйелдер еңбегін дәріптеу. Сонымен қатар, Орталық қыз-келиндер мен аналарды өмірге, тұрмысқа бейімдеу жұмысымен де айналысады.

Мемлекет басшысы мұндай орталық жастарға тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқаратынын айтты. «Расында, бұл жұмыс өте маңызды. Жастарымыздың арасында ұлттық салт-дәстүрімізді, болмысымызды, тілімізді, ділімізді насихаттауымыз керек. Әйтпесе, дүние жүзінде болып жатқан теріс үрдістерді біріміз көріп отырмыз. Ондай жағымсыз үрдістер елімізде де бар. Біз олармен күресіп, өзіміздің ұлттық көзқарасымызды дәріптеуіміз қажет», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).



АЛҚАЛЫ ЖИЫН

АШЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

әлем дамуының өзекті мәселелерін талқылауға,
дау-жанжалдарды өзара түсіністікте шешуге жол ашады

Кеше Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Съезі Хатшылығының XXI отырысы өтті.

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, алқалы жиында әлемнің 23 елінен келген дін лидерлері мен өкілдері Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII Съезінде қабылданған Декларациядағы мақсат-міндеттердің іске асырылу барысын талқылады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген Съездің 2023–2033 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы бекітілді. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің 20 жылдығына орай арнайы шығарылған мерейтойлық пошта маркасын салтанатты таныстыру рәсімі де өтті. Аталған марка 10 мың дана тиражбен шығарылған. Ол әлемнің филателиялық каталогтарына қосылады.

Ізгілік жолы

Бейбітшілік және келісім сарайында өткен іс-шараға ислам, христиан, иудаизм, буддизм, индуизм, даосизм, синтоизм және тағы басқа діндер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Отырысты ашқан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезі Хатшылығының Басшысы Мәулен Әшімбаев ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жиын қатысушыларына алғыс айтып, олардың ізгілік жолындағы істеріне толайым табыс тілеген Үндеуін оқып берді.

«Биыл алғашқы Съездің шақырылғанына 20 жыл. Бұл игі бастама өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, аз уақыт ішінде маңызды өркениетаралық диалог алаңына айналды. Форум дінаралық татулық пен келісімді нығайтуға, бүкіл адамзатқа ортақ түйткілдердің шешімін табуға және толеранттылықты дәріптеуге септігін тигізіп келеді. Басқосу аясында әлемнің руха-



ни көшбасшылары жаһан жұртын алаңдатқан өзекті мәселелерді талқылап, бейбітшілікті сақтау және өзара құрмет пен сыйластықты насихаттау туралы ойларын ортаға салады. Қазір геосаяси ахуал ушығып, түрлі сын-қатер күшейіп тұр. Осы алмағайып кезеңде ізгілік, мейірімділік, бауырмалдық, жауапкершілік сияқты қағидаттардың қадірі арта түсті.

Сондай-ақ, халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру өте маңызды мәселеге айналды. Ол үшін әлем халқын бейбітшілікке шақыратын жаңа жаһандық қозғалыс қажет. Бұл ретте дін көшбасшылары айрықша рөл атқарады. Рухани лидерлер осы бағытта күш жұмылдырып, барша адамзатқа ортақ проблемаларды шешуге сүбелі үлес қосады деп сенемін», делінген Мемлекет басшысының Үндеуінде.

Мәулен Әшімбаев Съезге беделді саяси және қоғам қайраткерлері мен халықаралық ұйым басшыларының қатысуы үлкен маңызға ие екенін айтты. Сол арқылы Форум ашық әрі әділ дінаралық диалог алаңы ретінде әлем

дамуының өзекті мәселелерін жан-жақты талқылауға және дау-жанжалдарды өзара сыйластық пен түсіністік негізінде шешуге шақыруға мүмкіндік береді. «Өркениеттер қақтығысы» мен діни қайшылықтар қаупін еңсеруге ықпал ету Съездің маңызды үлесі екені айтылды.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, мызғымас рухани және адамгершілік құндылықтар, толеранттылық пен диалог мәдениеті қазіргі қоғамның іргетасы болуға тиіс. Нақты айтқанда, бұл басымдықтар Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII Съезінің қорытынды декларациясында көрсетілген жаңа әлемдік тәртіптің негізін қалыптастыруы керек.

Даму тұжырымдамасы бекітілді

Отырыс барысында қатысушылар Қазақстан Президентінің тапсырмасымен әзір-

ленген Съездің 2023–2033 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын бекітті. Бұл құжат Форумның БҰҰ институттарымен және басқа да беделді халықаралық құрылымдармен ынтымақтастығын нығайтуды, сондай-ақ, серіктестер шеңберін және форум қызметінің географиясын кеңейтуді көздейді.

«Тұжырымдамада Форумның алдағы жылдардағы даму бағдары қамтылған. Съезд миссиясын кеңейту құжат жобасының негізгі жаңалығы екенін атап өткен жөн. Қоғамның сеніміне ие, беделді дін қайраткерлері әлемдік қоғамдастықтың алдында тұрған жаһандық сын-қатерлерді еңсеруге елеулі үлес қоса алады. Кедейшілік, климаттың өзгеруі мәселелерін шешуде күш жұмылдыру, соғыстар мен қақтығыстарды тоқтатуға ықпал ету, диалог және өзара құрмет мәдениетін дәріптеу бағыттарына да серпін беретіні анық. Тұжырымдамада Съезд миссиясын іске асыруға арналған бірқатар жаңа тетіктер мен институттар қарастырылған. Съездің Ізгі ниет еліміз институтын құру ұсынылып отыр. Жас дін көшбасшыларының форумын және басқа да іс-шаралары өткізу жоспарланып жатыр. Бұл Тұжырымдама Съездің алдағы жылдарға арналған серпінді және жасампаз даму векторын айқындайды», – деді Мәулен Әшімбаев.

Жаңа жаһандық қозғалыс құру идеясына қолдау білдірді

Отырыс қорытындысы бойынша қатысушылар коммюнике қабылдады. Онда Съездің 20 жылдағы табысты қызметі және маңызды жасампаз рөлі айрықша атап өтілген. Сондай-ақ, қатысушылар Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықаралық қауіпсіздіктің берік жүйесін құру және сын-қатерлер мен проблемаларды еңсеру мақсатында бейбітшілікке шақыратын жаңа жаһандық қозғалыс құру туралы идеясына қолдау білдірді. Бұл идеяны іске асыру жолында Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымының төрағасы ретінде ұсынған «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» бастамасы маңызды қадам болатыны да айтылды.

Кездесуге қатысушылар Съезд Хатшылығының келесі XXII отырысын 2024 жылдың күзінде Астанада өткізу жөнінде шешім қабылдады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: senate.parlam.kz).

САРАПТАМА

Биыл 1 тамызда жаңа саяси кезең басталды. Оның шымылдығын әдеттегідей Мемлекет басшысының ел халқына Жолдауы ашты. Бұл жолғы Жолдауда экономикалық салаға мән берілді. Десе де, саяси реформалардың жалғасы болатын бастамалар да айтылды. Ондағы басты жаңалық – сайлау жүйесіне қатысты өзгерістер. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аудан мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлауды енгізуді ұсынды. Яғни халық тиісті елдімекеннің әкімін тікелей сайлайды дегені. Бұл азаматтардың мемлекетті басқару ісіне тікелей араласуына жол ашады.

Саяси әралуандықсыз мәдениет болмайды

Саяси мәдениет қалыптасу үшін саяси әралуандылық қажет. Түсінікті тілмен айтар болсақ, таңдау болуы керек. Себебі, таңдау еркіндігі болса сізде талғам қалыптасады. Ал талғам мәдениеттілікті қалыптастырады. Мысалы, базарға бардыңыз делік. Алма алғыңыз келді. Базардың бүкіл сөрелерінде бір сорттағы алмалар. Бағасы, түрі, түсі мен дәмі бірдей. Сізге таңдау еркіндігі жоқ. Бастапқыда алмалардың бәрі тәтті болуы мүмкін. Алайда, уақыт өткен сайын оның дәмі бұзыла бастайды. Себебі, сатушылар тауарын бәрібір алады деп, оның сапасын түсіріп жібереді. Кеңес үкіметіндегі саяси жүйеде тура осылай болды. Бірпартиялық жүйе уақыт өте келе саяси дағдарысқа ұшырады. Саяси партиялар өсуі үшін бәсекелестік қажет. Олар ұзақ уақыт бойы өз-өзіне бәсеке бола алмайды.

Бұл жағдай тәуелсіз еліміздің алғашқы даму кезеңінде байқалды. 30 жылдан астам бірпартиялы жүйе қалыптасты. Кейбір саясаттанушылар мұны «біржарым» партиялы жүйе деп те атайды. Өткен жылғы ішкі саяси дағдарыстан соң елдегі жағдай өзгерді. Саяси реформалар қарқынды жүзеге аса бастады. Бүкілхалықтық референдум өтіп Президент билігі қысқарып, өкілеттік мерзімі ұзарды. Биылғы Парламент мәжілісінің сайлауынан соң заң шығарушы органның саяси беделі өсті. Мәжілісте жаңа билік партиялары пайда болды. Биылғы Жолдаудан соң Үкіметтің өзі атқаратын жұмысына саяси жауапкершілігі артты.

Осылайша бір жарым жылдан астам уақытта билік тармақтарында жүйелі өзгерістер жасалды. Десе де, мұндай өзгерістерден бүгін нәтиже бола қоймас. Ол үшін билік пен халықтың еті үйренуі керек.

Біртіндеп тікелей демократияға келеміз

Ата Заңда еліміздің өзін демократиялы мемлекетті орнықтырушы ретінде бекіттік. Ал демократия қандай басқару

ЖАҢА САЯСИ КЕЗЕҢ

аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың
әкімдерін сайлау басталды



(Сурет: election.gov.kz).

формасы? Әрине, халық билігі. Халық ол билікті тікелей немесе өкілдері арқылы жүзеге асырады. Оны жүзеге асырудың басты жолы – сайлау.

Азаматтық қоғам біраз уақыттан бері жергілікті атқарушы биліктің барлық сатысына сайлау өткізуді ұсынып келеді. Азаматтардың облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар әкімін сайлайтын уақыт та келеді. Алайда, оған асықпай, біртіндеп келген жөн. Төмен деңгейден бастап биліктің горизонтальды институттары кезең-кезеңімен либералданады. Осылайша халықта ғана емес, мемлекеттік институттарда да саяси мәдениет қалыптасады.

Жергілікті атқарушы биліктің басшысы әкім. Әкімдерді тікелей сайлауға қатысты бастаманы Қасым-Жомарт Тоқаев алғаш рет 2020 жылғы Жолдауында ұсынған болатын. Осы уақытқа дейін ауылдық округтер әкімдерін сайлау өткізілді. Енді сайлау жүйесіндегі реформалардың екінші кезеңі басталды. Биылғы Жолдауда Мемлекет басшысы аудан мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлауды енгізуді ұсынды.

Өзін-өзі ұсынғандар белсенді

Президенттің бастамасын жүзеге асыру мақсатында 14 қыркүйекте аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша ҚР ОСК отырысы өтті. Заң бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің тізімін 17 облыстың мәслихаттары бекітеді. Бекітілген тізім бойынша пилоттық негізде өтетін 45 аудан мен облыстық маңызы бар қалалар белгілі болды. Олар:

- **Абай:** Құрчатов қ., Абай ауданы;
- **Ақмола:** Ырғыз, Қобда, Ойыл аудандары;
- **Алматы:** Балқаш, Жамбыл аудандары;
- **Атырау:** Исатай, Қызылқоға аудандары;
- **ШҚО:** Алтай, Глубокое аудандары;
- **Жамбыл:** Жуалы, Тұрар Рысқұлов аудандары;
- **Жетісу:** Кербұлақ, Сарқан аудандары;
- **БҚО:** Бөкей ордасы, Қаратөбе, Тасқала аудандары;
- **Қарағанды:** Приозерск қ., Ақтоғай, Осакаров аудандары;

- **Қостанай:** Рудный қ., Алтынсарин, Денисов, Қарабалық, Федоров аудандары;
- **Маңғыстау:** Бейнеу аудандары;
- **Павлодар:** Ақтоғай, Железин, Шарбақты аудандары;
- **СҚО:** Есіл, Мамлют, Тимирязев аудандары;
- **Түркістан:** Бәйдібек, Мақтаарал, Созақ, Шардара аудандары;
- **Ұлытау:** Ұлытау ауданы.

Сайлау күні ретінде 5 қараша бекітілді. 10 қазанда, сағат 18.00-де үміткерлерді тіркеу уақыты аяқталды. Орталық сайлау комиссиясы 164 үміткер тіркелді деп мәлімдеді. Олардың ішінен 69 үміткерді саяси партиялар ұсынса, 95 үміткер өзін-өзі ұсынды. Яғни үміткерлердің 58%-ы өзін-өзі ұсынғандар. Бұл саяси партиялар жұмысына сын бар деген сөз. Десе де, өзін-өзі ұсынғандардың ішінде де партия мүшелері болуы мүмкін екенін ескерген жөн.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

«Қазақстан стандарттау және метрология институты» «Атамекен» Өңірлік кәсіпкерлер палатасының алаңында мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар үшін Үйлестіру орталығының сарапшыларымен «Дөңгелек үстел» өткізді.

ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАУ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Қазстандарт ұлттық стандарттау орталығы стандарттаған 80 мыңға жуық стандарт қолданыста. «ЕАЭО техникалық регламенттері және ЕАЭО техникалық реттеу саласындағы инновациялар бойынша қазіргі ахуал, сүт және сүт өнімдері, Қазақстан Республикасында және ЕАЭО-да алкоголь өнімдерін реттеу туралы мәселелерді талқылады. Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптары айтылды.

«Биыл филиал 2022 жылға арналған стандарттау жоспары кезінде 17 ұлттық стандарт, 431 стандарт және туризм бойынша ұлттық стандарттарға 2 өзгеріс жобасын әзірледі. Қазіргі уақытта ұлттық стандарттардың барлық 17 жобасы ҚР Сауда және министрлігінің техникалық реттеу және метрология комитетінің бұйрығымен бекітілген, ал 2 өзгеріс талқылау сатысында тұр», – деді «Қазстандарт» республикалық мемлекеттік мекемесінің Алматы қаласы және Алматы облыстық филиалы директорының орынбасары Ринат Алишұлы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ЖАҢА ЗАУЫТ АШЫЛАДЫ

Алматыда медициналық бұйымдар шығаратын зауыттың іргетасы қаланды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Инновациялық технологиялар паркіндегі» ашық экономикалық аумақта тағы бір отандық зауыт бой көтермек. Ол алдағы уақытта медициналық бұйымдар нарығына 110-нан астам өнім ұсынады. Осындай отандық өндіріс орынының іргетасы кеше, 11 қазан күні қаланды.

Естай
БОЖАН

Медеу ауданына қарасты «Алатау» ықшамауданында орналасқан ашық экономикалық аумақта отандық зауыттың таған тасын құю шарасы өзіндік символдық мәнге де толы болды. Шараға жобаны жүзеге асырушы «JULDYZ KENAN Co. LTD» компаниясының, Алматы қаласы Кәсіп-

керлік және инвестициялар басқармасының және «Инновациялық технологиялар паркінің», сондай-ақ, бірқатар БАҚ өкілдері қатысты.

«Бұл зауыттан күтер үмітіміз көп», – дейді аталған компанияның директоры Бағлан Баққұлова ханым. Ол жоба жайындағы сөзінде: «Құрылысы басталғалы отырған зауыттың еліміз үшін де, компаниямыз үшін де маңызы айрықша. Себебі, бұл жоба іске қосылысымен медицинаға арналған өнім шығара бастайды. Негізгі мақсаты – бір рет қолданылатын медициналық бұйымдардың кең отандық өндірісіне айналу. Мысалы, катетерлер, зондтардан тартып, патологиялық материал жинауға арналған контейнерлерге дейін 110 түрлі құрамда өнім шығарады. Әрі 100–150 жұмыс орнын ұсынатын болады», – деді Бағлан Досжарқызы.

Аталған зауыттың құрылысы 2024 жылы маусым айында аяқталып, іске қосылады деп күтілуде. Жобаны қолдаушы

және жүзеге асырушы тараптардың журналистермен бөліскен ақпараттарына қарағанда, зауыт толықтай отандық өндірісті жүзеге асырады. Әрі медициналық бұйымдарды өндіруде халықаралық стандарттарға сай жұмыс істей алады.

Алматы Бизнесі дамыту компаниясының (Almaty Business Development Company) басқарма төрағасы Айдар Рамазан кәсіпорынның осы сала бойынша қаламыздағы орта және шағын бизнес өкілдеріне де жаңа мүмкіндік беретінін атап өтті. Яғни халықаралық стандарттарға сай сапалы өнімді отандық және шетелдік нарыққа жеткізуші бизнес өкілдеріне де пайда әкеледі. Оған қоса, ауқымы кең кәсіпорында айналасынан көптеген тауар мен қызметті тұтынатын болады.

Зауыт құрылысына 1,5 млрд теңге көлемінде инвестиция салынғалы отыр. Кәсіпорын болашақта жылына 10 миллион бірлікте өнім өндіріп шығарады деп жоспарланған.

САММИТ

Алматыдағы «Intercontinental Almaty» қонақүйінің салтанат залында «Әлемді өзгертетін әйелдер: жаңа мүмкіндіктер мен сынақтар» тақырыбында V Еуразиялық әйелдер саммиті өтті. Аталмыш басқосу 2006 жылдан бері өткізіліп келеді. Мұндағы басты мақсат – экономикалық өмірдің барлық саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырып, атсалысып келе жатқан іскер әйелдерге қолдау көрсетіп, олардың еркін еңбек етуіне жағдай жасау.

ӘЛЕМДІ ӘЙЕЛДЕР ӨЗГЕРТЕДІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш саммитке биыл Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығы мен Қазақстан әйелдер күштері альянсының аймақтық өкілдері, шетелдік қонақтар, серіктестер, ҰЕҰ өкілдері қатысты. Еуразиялық әйелдер саммиті «Қазақстанда жасалған» деп аталатын іскер әйелдер жасаған өнімдер мен бұйымдардың көрмесімен басталды. Қазақстанның барлық өңірлерінен келген іскер әйелдердің өндірген өнімдері шетелдік қонақтардың да назарына ілікті. Ортақ тәжірибе алмасқан әлемнің ең іскер әйелдерінің арасында осылайша жылы байланыс орнады.

Қонақтар осынау жылдар ішінде табысқа қол жеткізген іскер әйелдер туралы деректі фильмді де аса қызығушылықпен тамашалады. Осыдан соң «Әйелдер кәсіпкерлігі, жұмыспен қамту және көшбасшылықты дамытудың заманауи тенден-

циялары» деп аталатын конференция өз жұмысын бастады. Алғашқы сөз кезегін Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығының президенті Раушан Сәрсенбаева алып, барша қатысушыларды құттықтады. Саммит барысында елордадан арнайы келген Елена Тарасенко ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хатын оқып берді.

Саммит барысында ЕҚДБ Гендерлік және экономикалық интеграция департаменті директорының орынбасары Оксана Пак (Лондон), Марджори Маргулис (Вашингтон, Катерина Харинг (Чехия), Нихан Чакыджы (Түркия) т.б. қонақтар сөз сөйлеп, кәсіпкерлікті дамытудың жолдары мен өзекті мәселелер туралы ой-пікірлерін ортаға салды. Жетекші сарапшылар мен бизнес-кеңесшілер тренинг, шеберлік сыныптарын өткізді.

Саммит аясында «Ажар жүлдызы» республикалық байқауының жеңімпаздары анықталып, марапаттарға ие болды.

ТУРИЗМ

ШЕТЕЛДІКТЕР АЛМАТЫҒА АСЫҒАДЫ

Халықаралық қонақүй форумы тиімді диалог алаңына айналды

Халықаралық қонақүй желілерін тарту есебінен 2030 жылға қарай Алматының нөмірлік қорын 3 есеге кеңейту жоспарлануда. Бұл туралы «Туристік брендтің негізгі ретіндегі тұрақты қонақүйлер» VI Халықаралық қонақүй форумы барысында Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Токсейітова мәлімдеді.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Оның айтуынша, қазіргі уақытта Алматыда біржолғы сыйымдылығы 21 715 төсек-орынға арналған 347 орналастыру орындары бар. Сонымен қатар, қала қонақүйлерінің тек 8,3%-ы ғана 3–5 жұлдызды санаты бар, бұл жайлы туристік тәжірибені қалыптастыруға ықпал етпейді.

Биыл жеке инвестициялар есебінен «Qazaq Auyul» мейрамханалық кешені бар эко-қонақүй және 112 бөлмелі 4 жұлдызды «Grand Mildom» қонақүйі ашылды. Нөмірлік қорды кеңейту мақсатында қалалық Туризм басқармасы туризм саласына инвесторларды тарту бойынша жұмыстар жүргізуде. 2024 жылы



мегаполисте 300 нөмірлі жаңа апарт-қонақүй және 90 нөмірлі қонақүй кешені пайдалануға беріледі, 872 нөмірлі тағы төрт қонақүй салу бойынша жобалық жұмыстар жүргізілуде.

«Бүгін біз Алматыда туристік ағынның белсенді өсуін байқап отырмыз. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша қала 972 мыңнан астам адамды қабылдады, оның ішінде 261 мыңнан астамы шетелдік, 710 мыңы ішкі туристер. Мамандардың болжамы бойынша, 2025 жылы шетелдік туристер саны 600 мың адамға дейін өседі», – деп атап өтті Ғалия Токсейітова.

Алматыдағы Халықаралық қонақүй форумы жұмыс істеген жылдар сала сарапшылары үшін тиімді диалог алаңына айналды. Биыл қонақүй индустриясы сала-

сындағы басты оқиға Қазақстан, Әзербайжан, Грузия, Греция, Польша, Франция, Үндістан, Катар, БАӘ және Сингапурдан сарапшыларды жинады. Форумның негізгі тақырыбы жергілікті туризмнің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қонақүй бизнесінің тұрақты дамуы және ESG қағидаттарына берілгендік болды.

Сала көшбасшылары қонақүйлерді салу кезінде энергияны үнемдейтін технологияларға көшу, қонақүй қызметкерлерінің эмоционалдық әл-ауқатының маңыздылығы, тиімді корпоративтік басқару стратегиясы мәселелерін қарастырды. Панельдік сессиялар барысында халықаралық және отандық қонақүй бизнесінің соны үлгідегі үрдістері, сондай-ақ туризмді дамытуды ынталандыру тетіктері талқыланды.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖОЛАҚЫ 5 ТЕҢГЕ!

Алматылықтар жыл соңына дейін метрода осындай бағамен қатынай алады



да орналасқан брендті оқу құрылғысына белсендірілген қосымшасы бар ұялы телефонды қосу жеткілікті.

«Жалпы, метрода жолақысын бірнеше тәсілмен – қолма-қол ақшамен, картамен, метро және Оңай жол картасымен төлеуге болады. Сондай-ақ, жыл соңына дейін MasterCard бастамасы бойынша акция жыл соңына дейін қолданылады. Төлем мобильді құрылғылар арқылы іске асады. Басқа тәсілдермен төленген жол жүру құны өзгеріссіз қалады – 100 теңге», – деп

атап өтті Алматы қаласы метрополитенінің кірістер жинау қызметінің басшысы Жазира Баймұхамедова.

Бұл – уақытша акция, оны Mastercard компаниясы жүргізеді және қаржыландырады.

«Біз Қазақстанда заманауи төлем құралдарының жиі қолжетімді болуына қуаныштымыз. Бұл науқан MasterCard карталары бар мобильді құрылғылар арқылы контактісіз төлемдерді ыңғайлы, жылдам және қауіпсіз етеді әрі метрода жолақысын төлеу шығындарын айтарлықтай үнемдейді. Смартфонмен немесе басқа құрылғымен жүзеге асырылған MasterCard картасы бойынша әрбір Google Pay, Apple Pay немесе Samsung Pay төлемі сенімді қорғалған және кез келген басқа Mastercard транзакциясы сияқты артықшылықтар мен кепілдіктерді ұсынады», – деп атап өтті Mastercard-тың Орта Азиядағы Бас директоры Рафал Трөпка.

Осы акция туралы қосымша ақпаратты акцияның <https://mastercard-promo.kz/> ресми сайтынан табуға болады.

1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін Алматы метрополитені Mastercard компаниясымен бірлесіп, ұялы телефон арқылы төлейтіндер үшін әдеттегі 100 теңгенің орнына метроға 5 теңгеге жол жүруді енгізді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Метрополитен» КМК мамандарының хабарлауынша, бұл кез келген банктің Mastercard картасы байланыстырылған Google Play, Apple Pay немесе Samsung Pay қосымшалары арқылы метроға контактісіз ақы төлеуге болады. Жол ақысын төлеу үшін метроның кіреберісіндегі турникет тұғырын-

ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ

ЖАЙЛЫ ӘРІ ҚАУІПСІЗ

Мегаполисте жаңа кемпинг-аймағы ашылды

Туристерді тартудың жаңа нүктесі Ғарыш станциясына барар жолда теңіз деңгейінен 2500 м биіктікте орналасқан (2GIS сілтемесі) белгілі шыңдарға жақын: «Жартасты» шыңы (3332 м), «Крошка» шыңы (3722 м), «Советов» шыңы (4317 м), «Озерный» шыңы (4126 м).

Кемпинг аймағы – таудағы демалыс, тренинг, хайкинг және шатырмен ұзақ серуендеу әуесқойлары үшін жабдықталған алаң. Туристердің жайлы және қауіпсіз демалысы үшін шатырлы орындар, жайлы беседкалар, орындықтары бар үстелдер және ұлттық стильдегі «Алтыбақан» әткеншектері орнатылды.

«Біз тау инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аудара отырып, туристер үшін жаңа бағыттар құру бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Бағыттар бойы ақпараттық стендтер, көрсеткіштер, қалқандар орнатылды. Навигациялық стендтерде QR-кодтар бар, онда туристер бағыттың күрделілігімен, оның ұзақтығымен және өту уақытымен таныса алады. Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Тоқсейітова кемпинг-аймақтар туралы ақпарат 2GIS қоса алғанда, картографиялық платформаларға қосылды, – деп атап көрсетті.

Жаңа кемпинг-аймақ соңғы жылдары Алматы қаласы Туризм басқармасы ашқан оныншы орын болды. Естеріңізге сала кетейік, биыл жазда туристік инфрақұрылымды дамыту аясында «Ақбұлақ» және «Мыңжылқы» кемпинг-аймақтары құрылды.

Алматы қаласының Туризм басқармасы демалушылардан табиғатқа ұқыпты қарауды, тауда қоқыс қалдырмауды сұрайды, сондай-ақ тау жорықтары кезінде қауіпсіздік ережелерінің сақталуын еске салады:



• Тауларға бара жатқанда, өз бағыттарыңыз бойынша жақындарыңызға хабарлау қажет.

• Ауа райына сай киініп, теріңізді күн сәулесінен қорғаңыз. Өзіңізбен бірге қажетті құрал-жабдықтар, бас киім, су, тамақтану және портативті зарядтағышпен зарядталған телефон алыңыз.

• Жолдан шықпаңыз.
• Құтқару қызметінің SMS ескертулерін есіңізден шығармаңыз.

Құралай ЖҰМАДИЛОВА.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

«АлЖЖ» ЖШС хабарлауынша, медицина, білім беру ұйымдары мен өзге де әлеуметтік нысандарға 10 қазаннан кезең-кезеңімен жылу беріле бастады.



Ернұр
РЫСБАЙ

Бірінші кезекте әлеуметтік нысандарды жылу жүйесіне қосу жоспарланған. Мұндай шешім осы ұйымдардың жұмыс ерекшелігін ескеріп қабылданды.

Жаңа жылыту маусымының басталуы метеорологиялық болжамдар мен Алматыдағы ауа райының күнделікті мониторингі негізінде айқындалады.

Алматы қаласында жылыту маусымына дайындау және өткізу ережесіне сәйкес, жылыту кезеңі температуралық режимді ескеріле отырып басталады.

Бұл ретте тұтынушыларға жылу беру мынадай кезекпен жүргізіледі:

- балалар, емдеу, мектеп мекемесі, кәсіптік мектептер, медициналық-әлеуметтік мекемелер;
- тұрғын үйлер, жатақханалар, қонақүйлер;
- әкімшілік ғимараттар, оқу орындары, театрлар;
- басқа да ғимараттар.

«АлЖЖ» ЖШС жылуды тұрғын үй басқару органдарына дейін жеткізеді, әрі қарай әр үйдің дайындығына солар жауапты. Тұтынушыларды жылумен жабдықтаудың ішкі жүйесіне қызмет көрсететін орындайтын апаттық (сервистік) қызметтер – ПИК, МИБ апаттық жағдай болмаса, жылу беруді өз бетінше орындауы керек немесе осы қызметті орындайтын мекемені жалдауға тиіс.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жылыту маусымы басталған кезде күтпеген жағдай туындаса, тұрғындар «Алматы жылу желілері» ЖШС-не телефон арқылы хабарласа алады:

Диспетчерлік қызмет 378-06-48, 378-06-62 (тікелей нөмір), 341-07-00 немесе 341-07-77 (қосымша 1011 немесе 1014), сонымен қатар, 109. Төтенше жағдайлар қызметі: 378-06-65 (тікелей нөмір), 341-07-00, 341-07-77 (қосымша 1115). Бұған қоса, нысанның қаланың әкімшілік аудандары бойынша орналасуын ескере отырып, «АлТС» ЖШС пайдалану ауданына жүгінуге болады:

АЛМАТЫДА ЖЫЛУ БЕРІЛЕ БАСТАДЫ

Оған әлеуметтік нысандар кезең-кезеңімен қосылады



Орталық пайдалану ауданы:

Алмалы ауданы: Райымбек – Есентай өзені – Абай – Сайран көлі (Варламова); Бостандық ауданы: Абай – Есентай өзені – Тимирязев – Өтепов – Үлкен Алматы өзені.

Байланыс телефоны: 275-67-13, 274-55-11 (техник ЭР), 275-66-19 (жылу инспекциясы).

Шығыс пайдалану ауданы:

Алмалы ауданы: Абай даңғылының солтүстігі – Қожамқұлов көшесінің шығысы – Райымбек даңғылының оңтүстігі – Назарбаев даңғылының батысы;

Бостандық ауданы: Абай даңғылының оңтүстігі – Есентай өзенінің шығысы – Тимирязев көшесінің солтүстігі – Назарбаев даңғылының батыс жағы.

Медеу ауданы: Назарбаев даңғылының шығысы – Райымбек даңғылының оңтүстігі – Сәтбаев көшесінің солтүстігі – Шығыс айналма жолына дейін.

Байланыс телефоны: 271-15-58 (техник ЭР); 271-14-69 (жылу инспекциясы).

Батыс пайдалану ауданы:

Әуезов ауданы: Рысқұлбеков – Үлкен Алматы өзені – Райымбек – Қарғалы өзені. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, шағынаудандар. «Мамыр-1, 2, 3, 4, 5, 6, 7» ш/а., «Жетісу-1, 2, 3, 4» ш/а., «Ақсай-4», 5 ш/а.).

Байланыс телефоны: 243-00-54 243-00-56 (техник ЭР); 277-23-99 (жылу инспекциясы).

Солтүстік пайдалану ауданы:

Жетісу ауданы: Жангелдин – Райымбек – Сүйінбай – Сейфуллин көшесінің солтүстігі – Өскемен – Солтүстік айналма – Павлодар – Жангелдин. «Құлагер», «Айнабұлақ-1, 2, 3, 4» шағынаудандары, «Көкмайса».

Түркісіб ауданы: Сейфуллин, 183 А – Рысқұлов даңғылының төменгі жағы – ҮАК ауданы, Баум тоғайы.

Байланыс телефоны: 397-38-23 (техник ЭР); 397-38-22 (жылу инспекциясы).

Оңтүстік пайдалану ауданы:

Бостандық ауданы: Мирас – Асқарова – Садықова шағынауданы – «Орбита-1, 2, 3, 4» шағынауданы – Саин – Рысқұлбеков – Розыбакиев – Қожанов – Үлкен Алматы – Өтепов – Жароков – Басенов; «Қазақфильм» шағынауданы – Лисянский – Розыбакиев – Жароков – эксперименттік база – Қожанов – әл-Фараби – «Алмагүл» шағынауданы.

Медеу ауданы: Сәтбаев көшесінің Назарбаев даңғылының оңтүстік жағы – Достық даңғылы – «Самал-1, 2, 3» ш/а. – Омарова – Тайманов – Таулы қырат – Медеу – Алатау санаторийі – Каменск үстірті санаторийі – Луганск балалар туберкулез санаторийі, №47 48, 171 мектеп, Назарбаев атындағы зияткерлік мектеп.

Байланыс телефоны: 38254-28 (техник ЭР), 249-90-30: 249-90-25 (жылу инспекциясы).

Солтүстік-Батыс пайдалану ауданы:

Алатау ауданы: Райымбек – Н.Данченко – Фариза Оңғарсынова; – «Зерделі» шағынауданы; – «Дарабоз» ш/а., 13 ш/а., «Саялы» ш/а. – Аққайнар – Мәмбетов – ҮАК солтүстік жағы; Әуезов ауданы: «Ақсай-1, 1 А, 2, 3, 3 А, 3 Б» ш/а.

Наурызбай ауданы: Райымбек – Өшімов – Абай – Сәбденов, «Шұғыла» ш/а., Премьера ТҮК «Алма Сити-1, 2, 3, 4, 5», ТҮК, Нұрлы дала көшесі, Алтын Орда көшесі – «Қалқаман» ш/а.

Байланыс телефоны: 393-41-46 (техник ЭР); 385-29-81 (жылу инспекциясы).

Солтүстік-Шығыс ауданы:

Түркісіб ауданы: Рысқұлов даңғылынан төмен, Шығыс айналма жолы Шығыс ТҮК оңтүстік жағы (Талғар тас жолы) – Жансүгіров, – Бекмаханов көшесінің төменгі жағы – «Көкжиек» ш/а. – Құлжа тас жолы, «Жас қанат» ш/а., Алатау кенті, Қарасу (Черемушки) ш/а., «Жұлдыз-1, 2», РВ-90 ш/а.

Байланыс телефоны: 252-78-78, 252-78-15 (тікелей нөмірі), (техник ЭР); (қосымша 106) (жылу инспекциясы).



МӘЖІЛІС

БИЫЛ ЖИНАЛАТЫН АСТЫҚ

елімізді нанмен және ұнмен толық қамтамасыз ету үшін жеткілікті

Ел Парламенті Мәжілісінің пленарлық отырысында Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова ханым есеп берді. Спикер биылғы жиналған егіннің көлемі және ауа райының қолайсыздығына байланысты шығынға ұшыраған отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерін қолдау шаралары туралы, биылдыққа Қазақстан өзін нан және ұн өнімдерімен толықтай қамтамасыз еткені жайлы айтты. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бағытындағы жұмыстарға тоқталды. Халықтың осал топтарын тұрғын үй көмегі тетігі есебінен тарифтердің өзгеруінен қорғау бағдарларын саралады. Еліміздегі білім беру және денсаулық сақтау жүйелерін дамыту шараларын тілге тиек етті. «Дипломмен – ауылға» жобасы аясындағы жаңалықтарды тарқатты. Халықты жұмыспен қамту, шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі шараларды атады.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша тауар өндірушілерді қолдау мақсатында астықты кептіру үшін 62,5 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді, қаржы институттары айыппұл санкцияларын қолданбай несиелер мен қарыздарды өтеу мерзімін ұзартуды жүзеге асырып отыр, АӨК субсидиялауға қосымша қаражат бөлу және «Азық-түлік корпорациясының» астықты тікелей сатып алу мәселелері пысықталып жатыр. Биыл жиналатын астықтың көлемі елімізді нанмен және ұнмен толық қамтамасыз ету үшін жеткілікті болатынын атап өткім келеді, – деді Тамара Дүйсенова.

Еліміздің барлық аймағында тұрақтандыру қорлары бар

Спикер Үкімет әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бағытында кешенді жұмыс атқарып жатқанын жеткізді. Атап айтқанда, көкөністер құнының өсуіне жол бермеу үшін форвардтық сатып алу жүргізілді және маусымаралық кезеңде тауар интервенциясы қолданылды.

Премьер-министрдің орынбасары еліміздің барлық аймағында тұрақтандыру қорлары бар екенін еске салды. Олардың әрқайсысы үшін қажетті азық-түлік көлемі бо-



йынша индикативтер әзірленген. Әлеуметтік маңызы бар тауарларға үстемалы 15%-дан аспауы үшін сауда нысандарымен және өнім өндірушілермен 11,5 мыңға жуық келісім-шарт жасалды. Сонымен қатар, белгіленген талаптар қалай сақталып жатқаны да жіті тексеріледі. «Делдалдық схемаларды тексеретін өңірлік комиссиялар жыл басынан бері сауда мәлішерлемесінің жоғарғы шегін бұзу бойынша 696 факт анықтады. 814 делдалдық тізбекке талдау жасап, 146 заң бұзушылықты анықтады. Үкімет қабылдаған шаралардың нәтижесінде 4 айдан астам уақытта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының индексі біртіндеп төмендеп келеді», – деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

Сондай-ақ, спикер инфляцияның төмендеуінде қатысты оң үрдіс бар екенін айтты. Алдын ала жасалған болжам бойынша, биыл оның көрсеткіші былтырғыдан едәуір төмен болады деп күтіліп отыр.

Әлеуметтік осал топ тарифтердің өзгеруінен қорғалған

Қазақстанда жылу көздері мен инженерлік желілерді кешенді жаңғыртуды жүзеге асыру үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы іске асырылып жатыр. Бұл ретте әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтар коммуналдық қызметтер бағасының өсуінен қорғалған.

Вице-премьер Үкіметтің резервінен Екібастұз, Риддер, Степногорск, Көкшетау, Ақтау, Семей және Павлодар қалаларының жылу жүйелерін жөндеу үшін 55 млрд теңге

бөлінгенін атап өтті. Бұл ретте коммуналдық инфрақұрылымды кешенді жаңғырту үшін «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске асыру басталды. Спикер биыл коммуналдық қызмет көрсетушілер тарифтерді көтергенін еске салды. Азаматтардың кейбір санаттары үшін соманың бір бөлігін жергілікті атқарушы органдар жабады. Халықтың осал топтары тұрғын үй көмегі тетігі есебінен тарифтердің өзгеруінен қорғалған.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 369 мектеп салынады

Спикер атап өткендей, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 369 мектеп салынбақ. Жергілікті және республикалық бюджеттер, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры, мемлекеттік-жекешелік әріптестік және жеке инвестициялар есебінен салынып жатқан нысандарды қосқанда, 2026 жылға дейін 1,5 млн жаңа оқушы орны пайдалануға берілмек. Сондай-ақ, мектептерді біліктілігі жоғары кадрлармен қамтамасыз ету маңызды. Мәселен, салаға үздік мамандарды тарту мақсатында Президент тапсырмасына сай ұстаздар жалақысы екі есе ұлғайған болатын. Білікті кадрлар қатарын кеңейту ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттырумен тығыз байланысты. Қазір елімізде алдыңғы қатарлы 5 шетелдік ЖОО филиалы ашылған. «Соңғы 6 жылда мемлекеттік білім беру тапсырысының саны екі есеге жуық өсіп, жыл сайынғы грант саны 88 мыңға жетті», – деді вице-премьер.

Медициналық саланы дамыту бойынша ҚР Премьер-министрінің орынбасары қазіргі

уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба іске асырылып жатқанын атап өтті. Мәліметке сүйенсек, жоба аясында 2025 жылдың соңына дейін 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек беру нысаны, 32 көпсалалы орталық аудандық аурухана салынады, ауылдағы денсаулық сақтау мекемелері үшін 1100 медицина қызметкері оқытылады.

Сондай-ақ, «Дипломмен – ауылға» жобасы аясында жас мамандарды тарту үшін 2024 жылдан бастап тұрғын үй сатып алуға берілетін бюджеттік несие мөлшері 1,5 мың АЕК-тен 2,5 мың АЕК-ке дейін ұлғайтылмақ.

Кәсіпкерлердің салық органдарына есеп беруі жеңілдейді

Елімізде инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы 12 мың жаңа жұмыс орны ашылмақ. Тамара Дүйсенова халықты жұмыспен қамту, шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі шаралар туралы айта келе жастар санатына жататын тұлғалардың жас мөлшері 35-ке дейін ұлғайтылғанын еске салды. Бұл 6 млн-ға жуық азаматтың мемлекеттік қолдау шараларын, оның ішінде жұмыспен қамту бөлігін тиімді пайдалануға мүмкіндік бермек.

Жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың орны ерекше. Мәселен, биыл жалпы сомасы 273 миллиард теңгеден асатын қаржыға 64 жоба қолға алынған. Соның нәтижесінде 12 мыңнан аса жұмыс орны ашылды деп күтілуде. Жалпы, Үкімет өнеркәсіптің түрлі салаларында сапалы және тұрақты жұмыс орындары ашу үшін алдағы жылдары осындай 800 инвестициялық жобаны іске асыруды жоспарлап отыр. Спикер Үкіметте шағын және орта бизнесті қолдау және дамыту жөнінде кешенді бағдарлама әзірленіп жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, таяу арада кәсіпкерлер үшін салық органдары алдында есеп беру үрдісі едәуір жеңілдейді. Мәселен, көрсеткіштері нөлге тең болса, құзырлы органдарға есеп беруді міндеттемеу жоспарланып отыр. Осы арқылы кәсіп иесінің шоты бұғатталмайтын болады. Салық органдарына берілетін есептілік 30%-ға қысқармақ. Жоспарлы тексерулер де азаймақ.

«Мемлекеттік бақылау және қадағалау салаларында тәуекелдерді басқару жүйелерін автоматтандыру ісі қолға алынды. Бұл қадам бизнесті жоспарлы түрде тексеруді 2 есе азайтуға мүмкіндік береді», – деп түйіндеді сөзін Тамара Дүйсенова.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

ГРАНТ

2023 жылдан бастап заңға өзгеріс енгізілуіне байланысты «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына 14 жастан бастап 35 жасқа дейінгі жас азаматтар үміткер бола алады.

Бұл туралы ОКҚ алаңындағы баспасөз конференциясында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының орынбасары Роллан Құспан мәлім етті.

Оның айтуынша, конкурстық өтінімдерді қабылдау үстеміздегі жылдың 26 қыркүйегінен басталып, бұл іс-шара екі ай мерзімге созылады. Аталған грант 2021 жылдан бастап Мемлекет басшысының бастамасымен жыл сайын ғылым, мәдениет, ақпараттық технологиялар, бизнес және медиа бағыттары бойынша табыс-талуда.

Грант берудің мақсаты – жастардың белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жаңа және қазіргі кездегі бастамаларын мемлекеттік қолдау.

Конкурстық өтінімдерді орталық атқарушы органдар мен азаматтық қоғам өкілдері, ғалымдар, тиісті сала мамандары мен сарапшылардан құралған арнайы комиссия бағалайтын болады. Оның қорытындысы бойынша ағымдағы жылдың соңына дейін 30 жас азаматқа 3 млн теңге мөлшерінде грант беру жоспарлануда. «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын пайдалану мерзімі – 1 жыл.

«ҚР Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым»

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»


грантына 14 жастан бастап 35 жасқа дейінгі жас адамдар үміткер бола алады



сайлауалды бағдарламасын іске асыру аясында «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын 2029 жылға дейін беру жоспарланған. Бұған қоса, өңірлерде де осындай шағын гранттар жүзеге асырылуда. Әкімдіктердің ақпаратына сәйкес, бүгінгі таңда 226 грант беру көзделсе, оның 70-і жастарға табысталған. Қалғаны жыл соңына дейін өңірлерде жастарға табыстала-тын болады», – деді Р.Құспан.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына конкурс туралы толық ақпарат ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайтында және ведомствоның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жарияланған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Динара НАУМОВА, 2021 жылғы «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының иегері:

ӨМІРЛІК МӘНІ БАР КӘСІП
Көп жыл ойда жүрген идея нақты жүзеге асты

Менің тәжірибем, менің жобам кейде өз-өзіме бірегей болып көрінеді. Мен дәл қазір Қабанбай батыр елдімекенінде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік жобаның авторымын.

Бұл – ерекше балаларды оңалту орталығы. Алайда, мен «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын бекер алған жан емеспін. Жұмыс өте күрделі болды. 6 жыл бойы өз идеям туралы айтып, адамдармен танысып, жобаның маңыздылығы туралы жеткізіп жүрдім. Әр күн сайын оны жүзеге асыруға бір қадам болса да жақындай түсуге тырыстым. Бұл мен үшін өте маңызды еді. Қазір айналысып жүрген жұмысымды шынымен өмірлік мәні бар кәсіп деп атай аламын. Ондай диагнозды өз бойыммен көтеріп шыққан мен үшін ерекше балаларға пайдалы болу менің өмір бойы айналысуға дайын қызметім екенін түсіндім. Өз жобам деген сенімім мықты болды. Ақордада Президенттің қолынан мақтау қағазын алған сәтте кеудемді мақтаныш сезімі кернегені рас. Өйткені, шынымен де маңызды іс тындырғанымды және оны Мемлекет басшысы бағалағанын түсіндім. Оның жастарға сенетінін және осындай бастамалар жастарға серпін беретініне көзім жетті. Қатарластарыма идеяларынан бас тартпауға кеңес беремін. Тез арада нәтижеге қол жеткізуге қиын екені түсінікті. Алайда, алдыңызда мыңыншы есік жабылғанымен, мың бірінші есіктің ашылары хақ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).



ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР

маңызды әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға және
жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталады



Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі комиссияның бірінші отырысы өтті.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕР үшін көмек пен қолдау шаралары қарастырылды

Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияда отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау шаралары қаралды.

Мемлекет басшысының биылғы ауа райы қолайсыздығынан зардап шеккен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қажетті қолдау көрсету жөніндегі тапсырмасын орындау аясында мынадай шараларды қабылдау ұсынылды:

- форвардтық сатып алу аясында «Азық-түлік корпорациясының» сатып алу ба-

ғасын 3 класты бидай үшін 120 мың теңге және 4 класты бидай үшін 105 мың теңге мөлшерінде белгілеу;
• форвардтық сатып алу және тауарлық несие бойынша фермерге міндеттемелерді айыппұл төлемдерінсіз ақшалай қаражат арқылы немесе 1,05% не 5% коэффициент бойынша 3 класты бидайды 4 класта ауыстыру арқылы орындауға мүмкіндік беру;
• міндеттемелерді орындауға мүмкіндігі жоқ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін банк сыйақыларын 3% көлемінде өтей отырып, шартты орындау мерзімін 1 жылға ұзартуға мүмкіндік беру.

Сала министрі фермерлер «Азық-түлік корпорациясының» астықты, әсіресе жемдік бидайды егіншілерден тікелей сатып алу

мәселесін көтеріп отырғанын атап өтті. Бұл астық нарығына әсер етуге және сол арқылы астық өндірушілердің қаржылық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Айтылғандарды ескере отырып, 350 мың тонна көлемінде астықты келесі бағамен сатып алуды жүзеге асыру ұсынылды: 4 класты бидай үшін – 105 мың теңге, 5 класты бидай үшін – 90 мың теңге, класта жатпайтын бидай үшін – 70 мың теңге. Бұл ретте сатып алу бюджеттен тиісті қаражат бөлінгеннен кейін жүзеге асырылатын болады.

Талқылау қорытындысы бойынша Мемлекеттік комиссия мүшелері ұсынылған шараларды қолдады. Премьер-министр уәкілетті мемлекеттік органдарға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қолдау көрсету жөніндегі жұмысты дереу бастауды тапсырды.

БЮДЖЕТ

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ 4,7%-ҒА ӨСТІ

Алматы қаласында барлық негізгі көрсеткіштің өсуі тіркелді

Үкімет отырысында Қазақстанның биылғы қаңтар–қыркүйек айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары қаралды.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров есепті кезеңде ел экономикасының өсу қарқыны 4,7% болғанын баяндады. Нақты сектордағы оң динамика 3,7%, қызмет көрсету саласында 5,1%-ды құрады.

Премьер-министрдің орынбасары – қар-

жы министрі Ерұлан Жамаубаев 9 айдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджетке 13,8 трлн теңге кіріс түскенін, жоспар 97%-ға орындалғанын мәлімдеді. Республикалық бюджет 9,2 трлн теңгеге, жергілікті бюджеттер 4,7 трлн теңгеге толықты.

БІЛІМ

ТАПШЫЛЫҚ түбегейлі шешіледі

Үкімет отырысында техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту мәселелері қаралды.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың мәлімдеуінше, «бүгінде 772 колледжде 531 мың студент білім алуда. Колледждердің 85%-ы техникалық, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсету бағыттары бойынша мамандар даярлап жатыр. Президент тапсыр-

масын орындау мақсатында жастарды сұранысқа ие мамандықтармен 2025 жылға дейін 100% тегін қамту көзделген. Бүгінде студенттердің 85%-ы жатақханамен қамтамасыз етілген. 2027 жылға дейін тапшылық мәселесін түбегейлі шешу мақсатында 10 мың орынға арналған жатақханаларды пайдалануға беру жоспарланған.

2025 жылы мемлекеттік тапсырыс көлемін 155 мыңға дейін арттыру көзделіп, оның 70%-ын техникалық мамандықтарға бағыттау жоспарланған. Студенттерді әлеуметтік қолдау мақсатында биылғы оқу жылы-

нан бастап стипендия 50%-ға өсті, ал 2024 жылы оны тағы 50%-ға арттыру көзделіп отыр.

Қазақстанда 2025 жылға дейін колледж студенттерінің стипендиясы екі есе артады.

Айтылғандарды негізге ала отырып, Үкімет басшысы Оқу-ағарту министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен, әкімдіктермен және «Атамекен» палатасымен бірлесіп, Техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту жөніндегі жол картасын әзірлеуді тапсырды. Мемлекеттік колледждерді заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету үшін «Жас маман» бағдарламасын іске асыруды жалғастыру қажет.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: Primeminister.kz).

БӘРЕКЕЛДІ!



АЛМАТЫЛЫҚ СТУДЕНТТЕР

робототехникадан
Әлем чемпионы
атанды

Қазақстандық оқушылар Сингапурда өткен FIRST Global Challenge робототехникадан ең ірі чемпионатта рекордтық нәтижелерге қол жеткізді.

Осы жеңісі арқылы ұлттық құрама өткен жылы Женевада алған чемпиондық атағын тағы бір мәрте растады, деп хабарлады ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Қазақстан құрама командасында Алматы қаласындағы ФМБ НЗМ студенттері Нұрислам Тұрғынбай, Нұрсұлтан Жанзақов, Сергей Гапонов, Дәмелі Шаймерденова және Иманәлі Көксал болды. Ұлттық құраманың бапкерлері – Бекзат Іңкәров пен Нұрдіәулет Досмағамбет.

FIRST Global Challenge – жыл сайын әртүрлі елдерде өтетін олимпиадалық үлгідегі жаһандық робототехника чемпионаты. Осы жылғы чемпионатқа әлемнің түкпір-түкпірінен 190-нан астам ел қатысты. Ұлттық құрама робототехника олимпиадасының іріктеу кезеңдері аясында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен жасқалды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асылбек МЫРЗАХМЕТОВ,
USTEM Foundation қоғамдық
қорының жетекшісі:

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ РОБОТОТЕХНИКА

халықаралық брендке
айналып келеді

Сингапурға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 200 оқушының ішінен ұлттық кезеңде іріктелген команданы апардық. Біздің команданың алдында өткен жылғы Женевадағы тарихи жеңісті қайталау міндеті тұрды және олар мұны ойдағыдай орындады, ұнай саны бойынша әлемдік рекорд орнатты. Бұдан басқа, командамыз халықаралық ынтымақтастық үшін төрешілер марапаттарына ие болды, бұл біз үшін үлкен мақтаныш. Қазақстандағы робототехника жыл сайын халықаралық брендке айналып келеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).



МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА



Егемендік декларациясы – тәуекел мен дипломатияның, ақыл мен сабырдың жемісі. Осы тарихи құжаттың әсері көп ұзамай байқала бастады. Біз қоғамның іргетасын жаңартып, жаңа белестерге ұмтылдық. Қазақстан қиын өткелден өтіп, іргелі ел болуға бағыт ұстады. Ұлы Абай айтқандай, «ақырын жүріп, анық баса» отырып, ешқандай дүрбелеңсіз тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ең бастысы – біз бабалар аңсаған азат елге айналдық. Әлем мойындаған, құрмет тұтқан мемлекет атандық. Мұның барлығы – бүкіл халқымыздың ортақ еңбегінің жемісі. Республика күнінің басты құндылығы – осында.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҰЛЫҚ МЕЙРАМ

Қазақстан халқы 25 қазанда ұлттық мереке – Республика күнін атап өтеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауда өткен алқалы жиында Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынып, оны Қазақстанның басты мейрамы ретінде атап өту туралы бастама көтеріп: «Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның 25-і күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек» деген болатын.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кейіннен бұл бастама халықтың кең қолдауына ие болып, «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне кинематография мәдениет және мерекелер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына өзгеріс енгізіліп, өткен 2022 жылдың 25 қазаны – Республика күні – ұлттық мереке болып белгіленген-ді.

Тарихқа көз жүгіртсек, Республика күні Қазақстанда 1992 жылдан бері аталып келе жатқанымен мемлекеттік мерекелер тізіміне тек 2001 жылы ғана енгізіліпті. Республика күнін ел бар-жоғы 17 рет ғана тойлаған екен.

Қайта жаңғырған ұлттық мереке Алаудың баурайындағы Алматыда биыл да өз дәрежесінде тойланатыны анық. Бұл күні еліміздің барлық өңірлерінде бірлігіміздің символы саналатын – мемлекеттік Ту салтанатты түрде көкке көтеріліп, Әнұран орындалады. Дәл осы сәт ұлттық мерекенің маңызын арттыра түсетіні сөзсіз. Сондықтан бұл рәсімді елім, жерім деген әрбір қазақстандықтың хәм жас ұрпақтың санасына отансүйгіштік қасиетті, елдік рух пен ұлттық ұстанымды бекемдей түсетін маңызды іс-шара деп атауға болады.

Жалпы, мереке қарсаңында маңызы бар мемлекеттік мекемелерде, жоғары оқу орындарында міндетті түрде атаулы күнге орайластырылған конференциялар мен маңызды басқосулар, мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Мектептерде Республика күніне арналған тәрбие сағаттары өтеді. Себебі, олар ерекше тарихи маңызы



Суреттері: Гүлрәис Саят, СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ ҚАНША КҮН ДЕМАЛАДЫ?

2023 жылы қазақстандықтар Республика күнін 25 қазанда атап өтеді. Мереке сәрсенбіге сәйкес келетіндіктен, жұмыс кестесін өзгерту жоспарланбайды. Бірақ жұмыс аптасы қысқарады.

Бес күндік жұмыс аптасында:

23, 24 қазан жұмыс күні, 25 қазан – демалыс, 26, 27 қазан – жұмыс күндері.

Алты күндік жұмыс аптасымен:

23, 24 қазан жұмыс күндері, 25 қазан – демалыс, 26, 27, 28 қазан – жұмыс күндері. Ал жалпы айтқанда, ел тұрғындары 2023 жылдың қазанында 10 күн демалады.

бар және мемлекеттіліктің дамуына елеулі әсер еткен оқиғалар қатарына жатады. Мәселен, өткен жылы алматылықтар мемлекеттік Әнұранды қаланың барлық сегіз ауданында орындады. «Астана» алаңында қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт өтті. Ал концерттен кейін кешкі сағат 21.30-да мерекелік оташу болды.

Алматы биыл да ұлттық мерекені өз деңгейінде атап өтеді. Бүгінгі күнге дейін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар нысандар пайдалануға беріліп, қала халқының әл-ауқатын арттыруда бағытталған маңызды іс-шаралар қолға алынды.

Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін ұлттық мереке. Сондықтан бұл азаматтарымыздың өзара түсіністігін, тұтас ұлтымыздың еркін өмірге және дербес дамуға ұмтылысын паш ететін мереке деп білеміз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АТАУЛЫ КҮННІҢ ТАРИХЫ

Республика күнінің тарихы сонау тоқсаныншы жылдардан басталады. 1990 жылы 25 қазанда «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл Қазақстанның тәуелсіздік алуына жол ашқан маңызды құжат болатын.

Декларацияда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Алғаш рет ел аумағының тұтастығы, қазақ халқының және басқа да ұлт өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету, ұлттық болмысты қалыптастыру әрі нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар бекітілді. Осы декларацияның арқасында ҚазКСР өз ішкі әскерін, мемлекеттік қауіпсіздік пен ішкі істер органдарын құру құқығына ие болды. Ал президент елдің басшысына айналды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Республика күні жыл сайын 25 қазанда аталып өте бастады. 1995 жылы 18 қазанда алғаш рет «ұлттық мереке» болып жарияланды. Алайда, 2001 жылы бұл мәртебеден айырылып, «мемлекеттік мереке» санатына өтті. Ал 2009 жылы сәуірде мерекелер қатарынан мүлде алынып тасталды.

Осылайша он жылдан астам уақыт бойы аталып өтпеген Республика күні, өткен 2022 жылдан бастап қайтадан Ұлттық мереке болып бекітіліп тойлана бастады.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

суретші ме, әлде
машина ма?

Өтетін орны:
ҚР-ның Орталық
мемлекеттік мұражайы
(«Самал-1», 44-үй).
Күні мен уақыты:
2 қазан – 30 қараша,
09.00-18.00.

«КЕЛГЕН КЕЛІНДЕР КЕТПЕСІН»



Өтетін орны:
«Жас сахна» театры
(Абай даңғылы,
117-үй).
Күні мен уақыты:
14 қазан, сағат
19.00.



«АЛАДДИННІҢ СИҚЫРЛЫ ШАМЫ»

Өтетін орны: Алматы
мемлекеттік куыршақ театры
(Пушкин к-сі, 63-үй).
Күні мен уақыты: 14 қазан,
сағат 12.00, 14.00.



ТУЫНДЫ

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: СУРЕТШІ НЕМЕСЕ МАШИНА?»

Алматыда нейрожүйе салған суреттер көрмесі ашылды



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің өкілдері Plan B және FARBA (Минск, Беларусь) галереяларындағы әріптестерімен бірлесіп «Жасанды интеллект: суретші немесе машина?» атты көрме ұсынып отыр. Бұл көрмені мамандар Алматыда ұйымдастырылған заманауи инновациялық озық көрме деп бағалады.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

ҚАЗАҚСТАН – АЛАҚАНЫҢДА

Мұндағы жұмыстардың барлығы жасанды интеллекттің туындысы. Өнерсүйер қауым табиғат, мифология, тарих, архитектура және тағы да басқа өмірлік мәні бар салаларды қамтитын 10 түрлі санатқа бөлінген 120-дан астам суретті тамашалай алады.

Иә, бүгінде нейрондық жүйенің дәурені жүріп тұр. Яғни жаһан, әлем жасанды интеллект жетегінде келе жатыр. Жасанды интеллект дегенді бізге түсінікті болу үшін қарапайым тілмен «адам санасының жасанды көшірмесі» немесе «адам санасы деңгейіндегі компьютер» деуге болады дейді мамандар.

«Нейрондық жүйе» деген ұғым осыдан 150 жыл бұрын пайда болғанда адамның миы мен жұлынындағы нейрондарды зерттеуге қатысты қолданылған екен. Біздің миымыз шамамен 86 миллиард нейроннан тұрады. Ал олардың жиынтығы нейрондық желіні құрайды. Әр нейрон – көптеген дендрит пен бір аксоннан тұратын жеке жасуша. Ондағы аксон тармақталып, акпаратты бірден бірнеше жасушаға жеткізе алады. Бұл ұғымдарды ары қарай тереңдете беруге

арнайы сол саланың маманы болмаса, біліміміз жете қоймас. Біздің айтқымыз келіп отырғаны – жай адамның сол миллиардтаған нейронын іске қоса отырып істейтін күнделікті тірліктерін, жұмыстарын оп-онай атқара салатын, шаршап-шалдықпайтын, бірқалыпты қызмет атқара беретін жасанды интеллекттің өмірімізге дендеп енгені.

МІНСІЗ СУРЕТТЕР

Сонымен, нейрондық жүйе – түрлі әрекеттерді істей алатын компьютерлік жүйе. Бұл жүйеде нейрон сандары қаншалықты көп болса, соған сай қиын да күрделі істерді істей береді. Міне, көріп отырғаныңыздай, нейрондық желі сурет те салып береді. Әрі 1 минут ішінде-ақ сала қоятыны тіпті қызық. Ал суретшілер оған 1 күнін немесе 1 аптасын жұмсауы мүмкін.

Иә, нейрондық желі шығармашылық салаға да көп әсер етіп жатыр. Аталған көрмедегі жұмыстардың басым бөлігі жасанды интеллекттің Қазақстанды суреттеуіне арналған. Көрмеге келушілер еліміздің табиғаты, архитектурасы мен мол дастарханы туралы нейрожүйе салған суреттерді тамашалай алады. Әрбір бөлігіне дейін анық көрінетін мінсіз суреттер топтамасының өнерсүйер қауым мен технологияға жақын жандарды бей-жай қалдырмасы анық.



«ЦИФРЛЫҚ ЭВОЛЮЦИЯ»

Көрме ұйымдастырушылары маңызды жобаларды таныстыру және көрерменге Қазақстандағы нейрожүйе туындыларының тұңғыш экспозициясын бірінші болып ұсынуды өздері үшін мәртебе санайды.

Көрменің басты жобасы – осы ісшара үшін арнайы жасалған «Цифрлық эволюция» атты иммерсивті фильмі болды. Аталған туынды идеялар әлемі мен материя әлеміне, даму мен эволюцияға деген жаңа көзқарас туралы ой қозғады. Қонақтар мульти-медиалық залдың қабырғасы мен едендерінде көрсетілетін фильм арқылы айналадағы болып жатқан құбылыстарды сезінуге мүмкіндік алды. Сондай-ақ, көрме негізгі экспозицияны толықтыратын отандық авторлардың туындыларын да ұсынып отыр.

Ұйымдастырушылар экспозициялармен танысу қызықты болу үшін тақырыптық квесттер дайындап, көрмеге келген адам естелік суретке түспей кетпейтін айрықша фотоаймақтар жасақтап қойған. Бұл қызыл-ды-жасылды әлемге, әдемілікке құмар жастар үшін оңтайлы болып тұр. Келіңіздер! Көрме 30 қарашаға дейін жалғасады.

ӨНЕР



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ

бес жасынан өнер айдынында жүр

ҚР Мемлекеттік Орталық музейінде суретші-иллюстратор, дизайнер Гүлфарида Жәнированың «Өнерім – өмірім» атты жеке көрмесі ашылды. Мазмұнды көрмені музей директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Ғалия Теміртон құттықтау сөзімен ашты.

– Мен бес жасымнан бастап қылқаламды қолымнан тастаған емеспін. Шығармашылығым арқылы өзімді қоршаған әлемге, адамдарға, жануарларға деген шексіз сүйіспеншілігімді жеткізім келеді, – дейді көрме авторы, суретші-иллюстратор Гүлфарида Жәнирова.

Суретшінің еңбектерінен ғажайып табиғаттың алуан түрлілігін көресіз. Көркем мәнермен орындалған туындылар сериясы көрерменін еріксіз баурап алары сөзсіз. Ол алғашқылардың бірі болып қазақстандық суретшілер арасындағы қуыршақ авторларының халықаралық бірлестігінің («Қазақстан қуыршақтары» авторлық жобасы) мүшесі болды. Сондай-ақ, Халықаралық қуыршақтар көрмелеріне де белсене қатысқан.

Шығармашылық бағдарларды таңдауда театрлармен жұмыс істеу және ынтымақтастық қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Суретші Қазақ ұлттық академиялық драма театрында Мұхтар Әуезовтің «Абылай ханның соңғы күндері» спектаклі үшін қазақтың көшпелі ақсүйектерінің бұрынғы киімдеріне сәйкес келетін Хан костюмінің эскиздерін орындады.

Көрменің көркемдік негізі – авторлық жұмыстардың жаңа топтамасы. Олар тарихи киім киген Райымбек батыр, Шыңғыс хан, жануарлардың сәндік бұйымдары (иттер коллекциясы), сондай-ақ сирек кездесетін құстардың кескіндері.

19 қазанға дейін жалғасатын көрмеге қылқалам шеберінің 80-нен астам туындысы қойылған.



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«ҚҰЙЫН»

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы
Ұлттық драма театры
(Абай даңғылы,
103-үй).
Күні мен уақыты:
15 қазан, сағат 18.30.



«ШАҒАЛА»

Өтетін орны:
Ғ.Мүсірепов
атындағы Қазақ
мемлекеттік
академиялық балалар
мен жасөспірімдер
театры (Абылай хан
даңғылы, 38-үй).
Күні мен уақыты:
15 қазан, сағат 18.30.



«КОРЕЙ ДРАМАЛАРЫНЫҢ ДӘУІРІ»

Өтетін орны:
Dostyk hall
Күні мен уақыты:
15 қазан, сағат 19.00.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



ЖОЛДАУ – 2023

Жұмажан ЖАҢБЫРОВ,
техника ғылымының докторы, профессор:



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым саласының дамуына аса мән беріп отыр. Бұл бағытта жаңа мемлекеттік бастамалар жасала бастады. Осы орайда, еліміздегі ғылым-білімнің дамуы туралы Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, техника ғылымының докторы, профессор Жұмажан Жаңбыр-овпен әңгімелескен едік.

Заманауи технологиялық қолдау қажет

– Өзіңіз академик, ғылым адамы ретінде еліміздегі ғылым саласының дамуы туралы қандай пікір білдіресіз?

– Қазіргі күні Әділетті Қазақстан, жаңа экономика құрамы деп ұмтылып жатырмыз. Осы мақсатта Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев нақты тапсырмалар беріп, Ұлттық Ғылым академиясының статусын өзгертіп, ғылымның дамуын жеке бақылауға алатынын жеткізді. Өйткені, ел ахуалын көтеру үшін экономиканы ғылыми негізделген, заманауи технологиялық қолдаусыз іске аспайтыны мәлім.

Мен өзім ауыл шаруашылық саласында бас инженер болып Талдықорған, Атырау облыстарында жұмыс істедім. Сонда еліміздің аймақтарының ауылшаруашылық саласындағы ерекшеліктерін байқадым. Біріншіден, егістік орналасқан жерлердің құнарлылығы, ылғалдылығының сақталуы, тегістігімен суару ерекшеліктері бар. Демек, нақты өнім алу үшін сол жергілікті егістіктің жағдайына сәйкес агротехнологиялық процестер орындалуы керек. Мысалы, Талдықорған жағдайында жүгері немесе картоп егуде атқарылатын технологиялық процестерді, Атырау облысында дәл солай қолдана алмаймыз. Өйткені, әр аймақтың ауа райымен техникалық және технологиялық мүмкіндіктері басқа.

Екінші, мен 15 жыл жүк тасымалымен айналыстым. Сонда байқағаным, жол жағдайымен инфрақұрылымы мүлдем сын көтермейді. Сонымен қатар, елімізге кеңінен қолданысқа ие болып жатқан сырттан келген жүк автокөліктеріне сервистік қызмет көрсетер арнаулы мамандандырылған орталықтардың болмауы. Осы жылдар ішінде Германиядан бес рет автокөлік айдап келген және айына төрт рет Ресейдің Новосібір қаласына 16 тонналық Мерседеспен жүк тасыған адаммын, яғни алыс жол үстіндегі қиындықтармен, сервистік қызмет орындарының қажеттілігін жақсы түсінемін. Егер біз, соның ішінде биліктерге отандық экономикамыздың тасымалдау үрдісіне тәуелді екенін мойындасақ, жол инфрақұрылымдарына үлкен көңіл бөлуіміз қажет. Осы тұста маман ретінде мынаны баса айтқым келеді, бүгінгі өмір сүріп отырған ортамыздың, яғни экологияның, табиғаттың жағдайы, қазіргі көлік түрлерінен, әсіресе, темір жолдан мүлдем бас тартып, табиғатқа зиянсыз тасымалдау амалдарын ойластыруымызды меңзейді. Өздеріңіз айналаға көз салып көріңіздерші, темір жолмен автокөлік тас жолдарын салу үшін қаншама табиғатқа зиян келтіреміз...

Отандық азық-түлік неге қымбаттай береді?

Сонымен қатар, қарапайым тұтынушылар «неге отандық азық-түлік қымбаттай береді», – дейді. Оның басты себебі, жоғарыда айтқандай, тасымалдау бағасына байланысты. Өйткені, осы онтүстік өңірлерде орналасқан ауылшаруашылығы бірлестіктері, жеке кәсіпкерлер өздерінің өнімдерін, мысалы, мал ба-

сын Кеңес кезіндегідей мал соятын комбинаттарға өткізер мүмкіндігі жоқ. Ал арадағы көтерме саудамен айналысатындар олардан төмен бағамен алып, Алматы базарына өткізеді, демек аралық қызмет көрсетушілер арқылы ет бағасы өсіп отыр, екінші жағынан малдың терісі, жүні, ішкі мүшелерімен сирақтары, т.с.с. мүшелері қоқысқа айналады.

Мен осы мал соятын арнаулы орталықтар мәселесімен 1987–1990 жылдары айналысқанмын. Біз Қазақ Ауылшаруашылық институты жанында арнаулы «Ғылыми-конструкторлық орталық» ұйымдастырып, әртүрлі технологиялар ұсынып, патенттер алып, Алматыда өткен Халықаралық «Малшаруашылығы технологиясы–89» көрмесіне қатысып, Еуропадан келген кәсіпкерлерін қызықтырғанбыз және мен солардың шақыруымен үш рет Германияда болдым. Өйткені, малдың тұяғынан, мүйізінен бастап, терісі, жүні, ішек-қарны мен қанына дейін бәрін пайдаға асыруға болады, яғни «қалдықсыз» технология жүйесін ұсынғанбыз.

Мысалы, қазір дүкендерде үй мысықтарына арнайы брикеттер сатылады. Оның бәрін сойылған малдың қанын кептіріп, содан жасауға болады. Малдың тұяғын, мүйізін, сүйегін кептіріп, қытайлар ұнтақ жасап, дәрі-дәрмекке қолданады. Ешқандай химиялық қоспасы жоқ, табиғи таза. Осындай мүмкіндіктерді зерттеп, Талдықорған облысында Ақсу ауданы, Жаңақоғам ауылында мал соятын орталық ұйымдастыруды қолға алдық, арнайы жер бөлініп, автокөлік жолы салынып, электр линиясы тартылды. Алматыдан арнаулы мекеме барып, скважина орнатып жерасты суын шығарды, үйлер салынып, орталыққа керекті негізгі технологиялық құрылғылар түгел алынды, тек ет сақтағын мұздатқышқа ақша ауысып, жағдай болмады, ол туралы мен Президент Н.Назарбаев қабылдауында болғанда айтқанмын, бірақ мәселе шешілмеді, жұмысымыз тоқтап қалды.

Одан кейін ойластырып жүріп, малды сол фермерлерге барып, қабылдап, сойып, ішек-қарнын бастап бәрін алғашқы өңдеуден өткізетін жылжымалы комплекс жобасын ұсындық. Бірақ ол кезде ғылымға ақша бөлінген жоқ. Сол күйінше қалды.

Баға жетпес актив

Осы сияқты, ғылыммен, бизнеспен айналысып жүрген жігіттерден ұсыныстар өте көп. Бытыр Жаркент жанындағы «Керімағаш» санаторийінде болдым. Сонда бір тракторды кездестірдім, ол бұрынғы Кеңес Одағындағы Т-25 деген тракторға ұқсас, бірақ ол емес. Содан иесін тоқтатып тракторды айналып қарап шығып, «мынаны қайдан алдың», – дедім, ол Асқар деген оралман жігіт екен, «жанұямды асырау үшін өзім қолдан құрастырдым, құрастырғаным 12 жылдай болды, тек биль козғалтқышты Қытайдан алдырып, жақында ауыстырдым» деді. Қозғалтқышы малшы ауылда көп қолданатын кәдімгі ток беретін қондырғы. Сол секілді, Жамбылда да бір жігіт бар. Қорадағы малдың астын тазалау керек. Оның бәрін қолмен жасау қиын. Соған Жигулидің қозғалтқышын қойып, қондырғы жасаған. Өзі экскаватор, өзі бульдозер. Дәл осындай қазақтың жігіттерінің қондырғыларын, зауытта шықпайтын стандартты емес технологияны, ЖОО жанында студенттерге арналып, арнайы ұйымдастырған шеберханаларда, іске қосатын болсақ баға жетпес актив болар еді.

Мен жүк тасымалымен айналысқанда, 1993–1994 жылдары Мерседес, Вольволар келгенде, оларды алыс жолдарға жібермейтін едім. Өйткені, жүргізуші бірденені бұзып алса, оған сервис те, ештеңе де жоқ, далада қалады. Сондықтан өзіміздің, Ресейдің машиналарын қолданатынымын. Қазіргі кезде ауылдық жерлерде фермерлерге қажетті сервис жоқ. Сондықтан бүгінгі таңда ауылшаруашылығына техникалық, технологиялық сервистік қызмет ұсынатын, фермерлерді заманауи технологияларға дайындайтын арнаулы курстар беретін «Өңірлік Агрологистика» жүйесін қолға алып, дамыту керек.

– Ұлттық Ғылым академиясының жаңа мәртебесі ғылымды жоғары сатыға көтере ала ма?

– Талқылауға түскен қазіргі заңда мынандай кемшіліктерді атап өтуге болады. Мемлекет басшысының Жарлығымен Президент жанындағы Ұлттық Ғылым академиясы құрылды. Өкінішке орай, заң бойынша ол Ғылым және жоғары білім министрлігіне бағынады. Онсыз

ештеңе істей алмайды. Меніңше, Президент жанындағы Ұлттық Ғылым академиясы болған соң, министрліктен жоғары тұрмаса да, бір деңгейде болып, нақты ғылыми жұмыстар туралы өзара ақылдасып отыратындай болғаны жөн. Себебі, Министрлікте ғылыммен айналысатын ғалымдар кездесе бермейді. Заңда үкімет Ұлттық Ғылым академиясымен бірлесе отырып шешім шығарады деп келтіруі керек еді. Ал заңның 55-бабында мемлекеттік ЖОО орындарында қызмет ететін ғалымдардың еңбек ақысына қосылатын үстемелер туралы нақты көрсетілген, ал басқа меншік иесіндегі ЖОО-да еңбек ететін ғалымдарға не істеу керек?

Ғылыми негіз керек

Осы тұста мына жағдайды айта кеткім келеді. Бүгінде Жайықтың суы тартылып бара жатыр. Кеңес Одағы кезінде Жайықтың екі жағы егістік, көгал болатын, сүт фермалары тұратын. Қазір ештеңе жоқ. Бұрынғы үлкен-үлкен егістіктер топырақтары эрозияға ұшырап, мал жаятын мүмкіндіктен айырылды. Ал баршаға аян Атырау мұнай-газ өндіретін саласы кеңінен жайылған өңір, өкінішке орай, сол жерлер өңделмей, ұңғылары ашық қалады. Жан-жағы тапталған шаң-тозаң. Қазір экологиясы өте нашар. Осы мәселеге байланысты Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ҚазҰАЗУ және Атыраудың мұнай-газ университеттерімен Орталық Азия университеті бірігіп, жоба жасадық. Мұнай-газ өндіруші компаниялардың артындағы орнын, топырақ эрозияға түспес үшін өңдеу керек. Осы мәселені шешетін жоба әзірледік. Осы бастама барлығынан өтті де, ең соңында ақшаға келгенде тоқтап қалды. Ойлап қарасак, бұл бүкіл бір өңірдің экологиялық проблемасына ЖОО-лардың бірігіп жасаған жобасына ақша бөлінбей қалды.

Қазіргі билік басындағы адамдар күнделікті ағымдағы «баға өсуі» секілді, осы сәттегі проблемаларға ғана мән беретін сияқты. Мұның бәрін түбегейлі шешу үшін ғылыммен айналысу керек. Ғылыми негіз керек. Онсыз болмайды. Ол үшін Ұлттық Ғылым академиясының мәртебесін үкімет деңгейімен теңестіру қажет. Үкімет те Президент жанындағы Ұлттық Ғылым академиясымен кеңесе отырып, шешім шығарғаны жөн. Тіпті, ЖОО ректорларын тағайындауда Ұлттық Ғылым академиясымен міндетті түрде келісілуі керек.

– Жастар арасындағы ғылымға деген қызығушылық туралы не айтасыз?

– 1988 жылы Кеңес кезінде Қазақ ауылшаруашылығы институты жанынан студенттердің ғылыми-техникалық өндірісі құрылып, соның директоры болғанмын. Бүгінгі таңда осындай, яғни ЖОО жанында жас ғалымдармен студенттер өз мамандығы саласында алғашқы ізденістерімен кәсібін бастауы үшін жағдай жасалуы керек. Бүгінгі таңда студенттердің тәжірибе өтуіне тиісті кәсіпорындармен мекемелер жоқ, сондықтан ЖОО жанында арнаулы инфрақұрылымы туралы ереже дайындалып, Үкімет қаулысымен бекітіп, қолға алу керек. Бұл туралы мен Ректорлар жиналысында депутаттар мен сенаторлар және Үкімет басшысының орынбасары, марқұм Б.Сапарбаев жүргізген жиналыста көтергенмін, бірақ нақты шешім болмады, бұл жердегі ең басты мәселе ондай құрылымдарға салынатын салықпен инвестицияға байланысты.

Қазір идея үшін тартыс жүріп жатыр

Президенттің «Әділетті Қазақстан, Естінетін мемлекет» тұжырымдамасы жақсы. Бәрі дұрыс. Бірақ айтқан нәрсені нақты орындайтын адам болуы керек. Өкінішке орай, жергілікті басшылар баяғыша жұмыс істейді. Олар өздеріне артық жауапкершілік алғысы келмейтін сияқты. Сондықтан жауапкершілікті көтеріп, оған нақты жауап беретін тәртіп болуы қажет. Бүгінгі уақытта Президент нақты, дұрыс бағдар бергенімен, Үкіметпен әкімдер «солқылдақтық» шешім қабылдап, тапсырмалар орындалмай отыр, яғни нақты орындаушыға келгенде «сұрақ» туындайды.

Кез келген адам заңға сенуі керек. Бізде заң жұмыс істемейді. Қазақ жігіттері неге шетелге кетіп жатыр? Неге біздің ақылды азаматтарымызды алып қалып жатыр? Өйткені, бүкіл жағдайын жасайды. Қазір ең қиыны ақша

емес, дүние емес. Қазір ең маңыздысы – кәсіби маман табу. Мен Брюссельде, Парижде, Мюнхенде болғанмын, сонда университет профессорларымен сөйлескенімде, олар студенттерге дүниеге танымал кәсіпкерлермен компания менеджерлерінің лекция оқитынын айтты, мен «оларға не үшін керек?» дегенімде, «ол мырзалар өздерінің өндірісіндегі орын алып отырған, нақты ситуацияларды талқыға салады, сондай мәселелерге ең ұтымды шешімін іздейді, ал студенттерде аяқ астынан әртүрлі тың идеялар көп болады ғой» дегені. Сонда Еуропалық ғалымдардан не жетпейтінін сұрадым. Олар идея жетпейді дейді. Қазір идея үшін тартыс жүріп жатыр. Мысалы, АҚШ Конгресінің жанында идея комитеті бар.

Сондай-ақ, қазір модернизация керек деп көп айтылады. Бірақ өз басым егер біз дамыған ел боламыз десек, модернизациямен қатар, 5–10 жыл алдыға ойлайтын мамандармен ғалымдар керек. Әйтпесе, әр уақытта біз артта қалушы боламыз.

– Жаратылыстану пәні мен техникалық мамандықтарға көбірек мемлекеттік грант бөлінуі қажет пе?

– Техникалық мамандықтарға мемлекеттік грант бөлінуі ауадай қажет. Бірақ техникалық мамандықтарға сабақ беретін мұғалімдердің сапасы туралы мәселе бар. Бүгінгі таңда студенттерге сабақ беретін оқытушылар арасында, университеттен көшеге шықса нандарын таба алмайтындар кездеседі. Студенттерге нақты кәсіпкерлікпен немесе өндіріспен айналысқан мамандармен ғалымдар арасында байланыс орнатылуы керек.

Мемлекеттік грант нақты ғалымға берілуі қажет

Тағы бір атап өтетін жағдай, ол Ғылым және жоғарғы білім министрлігі жылма-жыл магистратура мен докторантураға мемлекеттік гранттар бөлуіне байланысты үлкен «мәселе» бар.

Грант ЖОО-на тиісті мамандықтары бойынша бөлінеді, ал сол ЖОО-ның бөлінген грант бойынша талапкер уақытында ғылыми ізденіс жұмысын аяқтап, ғылыми атағын қорғауға дер кезінде шығуына кім жауапты?! Қазір көптеген университеттерде ғылыми жетекші болатын, ғалымдар саусақпен санарлық. Біразы әртүрлі ғылыми атағымен дәрежесі бола тұра, тұрақты ғылыммен айналыспағанын, заманауи талаптарға сәйкес жетекшілік ете алмайды. Сол себепті, мемлекеттік грант нақты ғалымға және сала бойынша аты аталып тұрып берілуі қажет. Өйткені, жауапкершілік болуы керек. Кеңес кезеңінде нақты адамға бөлініп, әр ғалымның жеке жауапкершілігі болатын.

Мен ауыл шаруашылығында бас инженер болып жүріп, аспирантураға түскенімде «қозының терісін тұздайтын технологиямен қондырғы жаса» деп тапсырма берілді. Соның теориясын мен 8-сыныптың физикасынан таптым. 8-сыныптың физикасында зат алмасу деген процестер бар. Қазір студенттеріме «егер мектептің физика-математикасын жақсы білетін болсаң, жерде қалмайсың» деп айтамын. Сондықтан технологияны аспаннан іздеудің қажеті жоқ. Оған қазақтың ұл-қыздарының ақылы жетеді, тек оларға сенім артып, мықты мотивация беру керек, ол үшін ұстаз-ғалым өзі іскерлігімен ғылыми жұмыстарымен үлгі-өнеге болғаны қажет. Ал ұстазыңның өзі айлығына қарап отырған адам болса, онда студенттерге не «ақыл-кеңес» бере алады! Кейде студенттерге «электр энергиясы, газ жоқ кезде қалай күн көрдіңіздер?» деп үйдегі ата-әжелеріңнің сұрандар деймін. Қарттарымыз бір литр сүтті далаға төкпеген, бір терісін лақтырмаған. Біздің ата-бабаларымыз нағыз «дала академиктері» болған.

Талғар қаласы маңында қойдың жүнін өңдейтін цех бар. Соның иесімен сөйлесіп отырсам, ол маған: «білесіз бе, маған француздар келді. Жүнді жуғанда шығатын жүннің майын сұрап келді» дейді. Ол неге керек десеніз, косметика. Бағана айтқандай, малдың тұяғынан бастап жүнінің майына дейін пайдаға жаратуға болады. Оны іске асыру үшін Қазақстанның ғылымын көтеру керек. Ол үшін жастарға дұрыс білім беріп, ұстаздарға жақсы жағдай жасау қажет.

Сұхбаттасқан Досбол АТАЖАН.



СКРИНИНГ

Бөбектердің дені сау болғай!

Қауіпті кеселдің алдын алу үшін сәбилерге де скрининг жүргізіледі. Солардың бірі – неонатальды аудиологиялық скрининг. Бұл жаңа туған нәресте мен кішкентай балалардың құлағындағы мүкісті дер кезінде анықтау, мүгедектікке әкеп соқтыратын аурулардың алдын алу және оңалту мақсатында жүргізіледі.



№36 қалалық емхананың педиатрия бөлімінің меңгерушісі Динара Қайыпова аудиологиялық скринингтің екі кезеңде жүргізілетінін айтты. Бірінші кезең – жаңа туған нәрестеге өмірінің алғашқы 24–72 сағатында перзентханада өткізілетін неонатальды аудиологиялық скрининг. Екінші кезең, жас санаттары бойынша: 3 ай, 1 жас, 2 жас, 3 жас, 6 жасты қоса алғанда, емхананың балаларды дамыту кабинетінде жүргізіледі.

«Егер бала қандай да бір себептен перзентханада аудиологиялық скринингтен өтпесе, онда стационардан шығарылғаннан кейін тіркелген жердегі медициналық ұйымның балаларды дамыту кабинетіне бірінші кезеңдегі аудиологиялық скрининг жүргізу үшін сигнал жіберіледі», – деді Динара Қайыпова.

Екінші кезеңді өткізу үшін емхана қызметкері бекітілген тұрғындарды алдымен жеке және жазбаша шақыру, жадынамалар, ұнпарақтар, телефон байланысы, хабарламалар немесе қолжетімді мобильді медициналық қосымшалар арқылы аудиологиялық скрининг жүргізу қажеттілігі туралы хабардар етеді.

Педиатр жүргізетін екінші кезеңдегі аудиологиялық скрининг жүргізудің міндетті шарты – зерттеу кезінде балада жедел респираторлық және жұқпалы аурудың болмауы.

«Егер балада есту қабілетінің жоғалуы анықталса, бала динамикалық бақылауға алынады және барлық қажетті емдеу шарасы жүргізіледі. Атап айтқанда, балаға және ата-анасына сурдопедагогпен есту қабілетінің бұзылуы анықталған сәттен бастап, қалдық есту қабілетін, коммуникативті дағдыларды – сөйлеу, ақыл-ой функциялары, моториканы дамыту бойынша сабақтар өткізіледі», – деді маман.

МӘМС

ИНСУЛЬТ КЕЗІНДЕ ӘР МИНУТ МАҢЫЗДЫ

91 жастағы әжей дәрігерлерге дән риза

Мегаполистері №7 қалалық клиникалық аурухана дәрігерлері инсульт соққан 91 жастағы кейуананың өмірін сақтап қалды. Тамара Кондакова мидағы қан айналымының бұзылуы белгілерімен шұғыл түрде жеткізілген, деп хабарлайды аурухананың баспасөз қызметі.

«Бізге түскен кезде пациент аса ауыр халде еді: оң жағы толығымен жансызданған, оң жақты гемипарез (сал) болды, беті қисайып, тілі күрмелген. Өз бетінше отырып-тұра алмай, басы айналып, есін бір біліп, бір білмей жатты. Уақытылы көмек көрсетілмесе науқасқа мүгедектік немесе өмірмен қоштасу қаупі төніп тұрды», – дейді инсульт бөлімшесінің меңгерушісі Ғалымжан Каримов. Айтуынша, жүректің ишемиялық ауруы, стенокардия, жүрек қарыншасының өткізгіштік қабілетінің бұзылуы сынды созылмалы аурулар әжейдің жағдайын қиындата түскен.

Инсульт кезінде әр минут маңызды. Мұндайда аурудың бастапқы белгілері байқалысымен, яғни 4,5 сағат ішінде маман көмегіне жүгінудің де маңызы зор. Бірақ бұл пациентке жедел жәрдем кештеу, қолайлы «терапиялық уақыт» өтіп кеткеннен кейін шақырылған дейді мамандар.

Ауруханадағы инсульт бөлімшесінің невропатолог дәрігерлері МӘМС есебінен дер шағында білікті консервативті ем жасады. Пациент жағдайы тұрақталғаннан

кейін инсульт бөлімшесінде реабилитацияның бірінші кезеңінен өтті.

Орталық қалалық клиникалық ауруханаға инсультпен түскен 82 жастағы егде науқасты да дәрігерлер аман алып қалды. Ол пациент бұдан 12 жыл бұрын инсульт алған екен, бұл жолғысы ауыр түрде қайталанған.

Заманауи медицина мен білікті мамандар, атап айтқанда, инсульт бөлімінің меңгерушісі Азиз Исмаиловтың арқасында науқас емделу курсынан өтіп, барлық қажетті оңалту көмегін алып, сауығып шықты.

«Ауру қаупін төмендету үшін емделуді мүмкіндігінше ертерек бастау керек. Біздің пациент ауыр инсульттан кейін де қайта өмірге оралуға мүмкіндік болатынын көрсетті. Ерік-жігері мен табандылығының арқасында қиындықты жеңіп, қалпына келе бастады. Әрине, бұл оңай болған жоқ. Алғашқы күндер өте қиын тиді, науқасқа көмек керек болды, бірақ ол мойымай, күресуді жалғастырды», – дейді А.Исмаилов.

Науқас бүгінде өз аяғына тұ-




рып, 10 күннен кейін палатада өз бетінше қозғала алатын дәрежеге жетті. Бұл оның табандылығы мен медицина қызметкерлерінің күш-жігерінің арқасында қол жеткізген тамаша нәтиже. Бірақ бұл бірінші қадам ғана, пациентті аяғынан тұрғызғанша оңалту емін жалғастырып, оны қалпына келтіру бойынша жұмыс істеу керек. Бұл жағдай ауыр инсульттан кейін де қалыпты өмірге оралуға болатынын дәлелдейді.

ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

ГАДЖЕТКЕ «БАЙЛАНҒАН» БАЛАЛАР

Оларға бағдаршам болатын қазақша нұсқаулық жарық көрді



Алматыда тұңғыш рет қазақ тілінде «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы гаджеттерге тәуелділіктің алдын алу шаралары» атты оқу-әдістемелік нұсқаулық жарық көрді.

Алматылық бастауыш сынып оқушыларының 35%-ы тәуелігіне 1-2 сағат гаджетке жіпсіз байланып отырады. Осы жастағы балалардың 33%-ы ғаламторға анағұрлым көп уақыт тәуелді болса, 9%-ы гаджетке мүлдем қарамайды. Ал 13–15 жастағы жасөспірімдердің 69%-ы күндіз-түні виртуалды әлемге сүңгіп кетеді.

Апта басында Дүниежүзілік психикалық саулық күні аталып өтті. «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы гаджеттерге тәуелділіктің алдын алу шаралары» атты оқу-әдістемелік құрал осы күнге орайластырыла жарық көрді. Оқу-әдістемелік құралда Алматы қалалық Психикалық сауықтыру орталығы қызметкерлерінің қала мектептеріндегі балалар мен жасөспірімдердің гаджетке тәуелділігін зерттеу нәтижелерінің қорытындысы жарияланған. Орталық директоры Сапар Рахменшеевтің айтуынша, сауалнамаға қаланың білім ордаларында оқитын 6–18 жас аралығындағы 3300 оқушы қатысқан. Олардың 1664-і (50,4%-ы) қыздар, 1636-сы (49,5%) ұлдар.

– Мұндай нұсқаулық қазақ тілінде бірінші мәрте жарық көріп отыр. Негізі қазақ және орыс тілінде шықты. Мектеп ұстаздарына, ата-аналарға арналған. Жалпы, балалардағы тәуелділіктің қай деңгейде болып жатқанын анықтауға, тәуелділікті анықтау кезінде қандай сұрақтар қою керек, қалай көмек беру керектігі жайында мағлұматтар бар. Зерттеу жұмысы 2022-2023 жылдары Алматы қаласының жалпы білім беретін мектептерінің басшылары, ата-аналарының келісімімен сауалнама әдісі бойынша жүргізілді. Гаджетке тәуелді баланың ойынқұмарлықтың құлына айналуы бір-ақ қадам. Бұл дертпен күресу үшін алдымен құмар ойынға үгіттейтін жарнамаларды тоқтату керек, – дейді Сапар Рахменшеев.

Мамандардың зерттеу нәтижесінде балалар мен жасөспірімдердің бойындағы гаджетке тәуелділіктің белгілері, себептері анықталған. Шынайы өмірге қанағаттанбау, жақын адамдарымен тіл табыса алмауы, олармен қарым-қатынасының нашарлауы, жақындарының мінез-құлқындағы өзгерістерді байқаған кезде тұйықталуы, міне, негізгі себептер осы. Нәтижесінде жасөспірімдердің серігі ғаламтордағы әлем болып тұр. Бұл оқулық Алматы қалалық Психикалық сауықтыру орталығы, Алматы қалалық Білім басқармасы және Қазақстан–Ресей медициналық университетінің бірлескен жобасы.

Ол балаға да, ата-анаға да, ұстазға да бағдаршам-оқулық болары сөзсіз.

ВАКЦИНА

ҚЫЗЫЛША

Бұл аурудан өз бетіңше емделмеген жөн

Алматылық дәрігер балаларда болатын қызылша ауруының да қауіпті екенін айтады. Мәлімет бойынша, балалар қызылшамен 5 жасқа дейін ғана ауырады екен. №11 қалалық емхананың педиатры Мәдина Әбдінәсірдің айтуынша, қызылша өте жұқпалы вирус және оны бірден анықтау мүмкін емес.



Сондықтан қызылшамен ауырған адаммен айқын байланыс болған жағдайда, мұқият болған жөн дейді. Қызылша ауа тамшылары арқылы таралады. Мұнда патология ғана емес, сонымен қатар инфекцияның салдары да қауіп тудырады. Бала аталмыш инфекциямен ауырса, энцефалитке, пневмонияға, отитке

шалдықтыруы, тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Қызылшаның алдын алудың ең сенімді жолы – уақытында егілген вакцина. Балаларда жоспарлы иммундау 1–6 жас аралығында жүргізіледі.

Вакцина үшін біріктірілген қызылша, қызамық, паротитке (ҚКП) қарсы вакцина қолданылады. Өндірушісі «Serum Institute of India» болып табылатын вакцинаның қауіпсіздігі мен сапасына ДДҰ кепілдік береді және олардың алдын ала квалификациясынан өткен.

Сонымен қатар, маман қызылшаның алғашқы белгілерінің қандай болатынын да айтып өтті. «Қызылша катаральды басталады: жоғары температура, жалпы интоксикация белгілері, фарингальды шырышты қабаттың, конъюнктив және тыныс алу мүшелерінің қабынып, қақымдануы. Ауру басталған соң 3-4 күнде қызылша бөртпесі пайда болады. Әдетте дақтар бет пен мойында, одан соң дене мен аяқ-қолға тарала бастайды. Осы белгілер анықталған жағдайда, жедел түрде жұқпалы аурулар дәрігеріне көріну керек», – дейді Мәдина Әбдінәсір.

Бұл жағдайда өзін-өзі емдеумен айналысуға мүлде болмайды. Тек дәрігер ғана дұрыс ем бере алатынын ұмытпайық.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ЕҢБЕК АДАМЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Ерінбей еңбек еткен жан өз ісінің майталманы атанады. Ал кәсібін толық меңгерген адам қашанда сұранысқа ие болады. Біз еңбек адамының мәртебесін көтеруге баса мән береміз», – деген еді.

«ЖАҒАНДЫҚ ҰСТАЗ»
ЖАНЫҢЫЗДА ЖҮРРая
ЕСКЕНБІР

Міне, өзінің кәсіби мамандығына деген адалдығының арқасында ұстаздық қызметтегі біліктілігі мен ізденімпаздық, еңбексүйгіштік қасиеттерінің арқасында Алматы қаласындағы №200 мектеп-гимназияның ағылшын тілі пәні мұғалімі Айгүл Ишанғалиева әлемдік «Жаһандық ұстаз – 2023» сыйлығының жүлдегері атанып отыр.

Биыл ЮНЕСКО серіктестігімен ұсынылған «Жаһандық ұстаз – 2023» сыйлығына әлемнің 130 елінен өз кәсібінің қыр-сырын жетік меңгерген, үздіктердің үздігі саналған 7000-нан астам педагогтан өтінімдер түскен болатын. Алматы қаласынан қатысқан Айгүл Мақсотқызы осы үміткерлердің арасынан іріктелген 50 үздік финалистің бірі атанып отыр. Енді аз күнде «Варки қоры» («VF») мұғалім мамандығының мәртебесін және оқытудағы ше-



берлікті арттыру үшін тағайындаған (1 000 000 АҚШ доллары көлемінде) сыйлықты өз кәсібінің нағыз иесіне табыс етпекші.

Сонымен, байқау шартына сай, конкурстың екінші сатысында 50 үздік финалистердің арасынан 10 финалисті қана таңдап алынады. Біз Айгүл Мақсотқызын 10 үздіктің қатарынан көрінеді деп сенеміз!

СЕМИНАР

ОРГАНИКАЛЫҚ ӨНІМ
ӨНДІРУДІҢ БОЛАШАҒЫ

ҚР Сауда және интеграция министрінің Техникалық реттеу және метрология комитеті мен Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің мамандары «Қазақстандағы органикалық заттар. Жетістіктері. Сын-қатері. Болашағы» атты семинар-кеңес өткізді.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Семинар-кеңесті Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы Қуаныш Елікбаев ашып, елімізде органикалық өнім өндіру мен органикалық өнімнің сәйкестігін растау және оларды инспекциялық бақылау саласындағы мәселелерді, сондай-ақ қазіргі күні органикалық өнімді тұтыну әлемнің көптеген мемлекетінің азық-түлік нарығын дамыту үрдісіне айналып отырғанын тілге тиек етті.

Қазақстанда бүгінгі күні органикалық өнімнің өндірісі мен экспортын дамыту үшін жағдай жасау бойынша нақты қадамдар жүзеге асырылуда. Комитет төрағасы әлеуетті өндірушілерді органиканың отандық саласын дамытудың ажырамас бөлігі болып табылатын сертификаттау



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

мүмкіндігі туралы хабардар етті және өнімнің экологиялық таза-лығына кепілдік беру құралы ретінде жаһандық деңгейде өзінің тиімділігін дәлелдеп үлгергенін де атап өтті.

Одан кейін сөз алған Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің басқарма төрағасы, профессор Пірімқұл Ибрагимов оқу орнындағы Агробиология факультетінің ғалымдары органикалық ауыл шаруашылығы бойынша 3 ғылыми жобаның орындалып жатқанын атап өтті. Жобалардың нәтижелері білім беру бағдарламаларында, оқу-өндірістік практика мен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде кеңінен қолданылатынын атап кетті. Сонымен қатар, аталған университеттің ғылыми орталық-

тары мен зертханаларында органикалық өнімдірге зерттеулер жүргізуге барлық жағдай жасалғанын айтты.

Семинар-кеңеске Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің, «Қазстандарт» RGP Алматы облысы бойынша филиалының, «Ұлттық аккредиттеу орталығы» RGP өкілдігінің, «Qazaq BioControl» ЖШС сертификаттау органының, сондай-ақ ғылыми институттар мен өндірушілердің өкілдері қатысты. Олар да баяндама жасап, органикалық дақылдарды өсіру технологиясымен қатар, органикалық өнімдердің сұранысқа ие екендігін атап өтіп, экспортқа шығару туралы ұсыныстарын жеткізді.

РУХАНИЯТ

ЖАС АҚЫНДАР САХНАҒА ШЫҚТЫ

№1 Оқушылар үйінде «Айтыскерлер қауымдастығының» құрылуына орай «Жас ақындар мүшәйрасы» өтті. Мүшәйра Оқу-ағарту министрінің «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы негізінде ұйымдастырылды.

Іс-шараға ақын Қуаныш Қолқа, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Сырым Әуезхан, «Jiger» физика-математика мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ұларбек Жәнісбекұлы, жас айтыскер ақын Бексұлтан Дарын және ұстаздар, өнерлі жастар, оқушылар, т.б. қатысты.

«Жас ақындар мүшәйрасының» мақсаты – қазақ халқына ғана тән өнерді, яғни айтысты жасөспірімдер арасында жандандырып, оқу-

шылардың айтыс өнеріне деген қызығушылығын оятып, сөз құдіретін сезіне білуге үйретіп қана қоймай, сөз саптауға бейім, суырыпсалмалық қасиеті басым жас ақындарды қолдау және олардың шығармашылығын шыңдау.

Мүшәйраның негізгі міндеттері – оқушылардың қазақ халқының тіліне, әдебиетіне, соның ішінде айтыс өнеріне деген қызығушылығын арттырып, білімін кеңейту. Сондай-ақ, ұлттық рухты көтеретін айтыс өнерін тереңдете үйренуге ынталандырып, жасөспірімдердің өзіндік қабілеттерін ой ұшқырлығы, қиял жүйріктігі, сөз дәлдігін жетілдіруге жағдай жасау болып саналады.

Сонымен қатар, өз еліне, өзінің Отанына мақтаныш сезімін қалыптастыруға, білім алушылардың қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығын арттыруға, ақындардың дәстүрлерін лайықты жал-



ғастыру үшін өз үлесін қосуға келген бірқатар айтыскер ақын, өнерлі жастар өз ой-пікірлерін ортаға салды.

«Қазақ халқының төл өнері айтыстың бала шығармашылығы мен тәрбиесіндегі рөлі зор. Рухани мұраларды қастерлеп, ауыз әдебиетіне сусындап, алғыр да зерек болуына ықпалы бар. Сондықтан айтыс өнерінің оқушылар арасында насихатталып, іс-шаралардың өткізілуі домбыраның да беделін көтеріп, қадірінің артуына септігін тигізеді», – деді айтыскер ақын Сырым Әуезхан.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

КЕЗДЕСУ

Быттыр Алматыда үлкен пилоттық жоба қолға алынған еді. Ондағы басты мақсат – қалалық Білім басқармасы мен Абай университеті бірлесе отырып, мектеп оқушыларының арасынан педагогикалық мамандыққа икемі бар жоғары сынып оқушыларын анықтап, ұстаздыққа бейімдеу болатын. Нәтижесінде, қаламыздың екі мектебінен орталықтар ашылып, білікті профессор-оқытушылар жыл бойы оқушыларға білім берді. Сондай-ақ, жекелеген пәндерден тапсырмалар дайындап, үнемі бақылап отырды.

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
СЫНЫПТАР» ЖОБАСЫ
ЖАЛҒАСАДЫРая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Жалпы, бұл бастама Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде іске асырылып отыр. Осыған орай, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы – ректор Болат Тілеп Алматы қаласындағы жалпы білім беретін мектептердің директорларымен кездесті.

Кездесуде университет басшысы қазіргі таңда елімізде жоғары білікті педагогтарға деген сұраныстың жоғары екенін атап өтті. Бұл тұрғыда орта мектептер мен университеттің бірлесе жүргізіп отырған жобасының өте өзекті екенін айтып, әріптестік орнатқан ұстаздарға алғысын жеткізді.

Кездесу соңында Абай атындағы ҚазҰПУ мен Алматы қаласы Білім басқармасына қарасты 13 мектеп арасында «Педагогикалық сыныптар» жобасын іске асыру туралы меморандумға қол қойылды.

СЪЕЗДЕН KEЙІНГІ СЕРПІЛІС

Жақында елордамызда «Білім тұрақты дамудың және ұлттың әлеуетін арттырудың инновациялық ресурсы» тақырыбында педагогтардың I республикалық съезі өтті. Съезге әр өңірден бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеуге атсалысып жүрген ұстаздар қатысты. Оқу-ағарту министрінің ұйымдастыруымен өткен съезд ел болашағы үшін білім мен ғылым бірінші болуы керектігін, сонда ғана Қазақстанның болашағын жарқын ете алатынымызды сезіндірді.

Ұлттың болашағы саналы ұрпақтың қолында. Саналы ұрпақ өсіріп, тәрбиелейтін алдымен ата-ана мен ұстаз. Шыны керек, кейде тіпті ұстаздар ата-анадан да артық өлшеусіз еңбек етеді. Ұстаздан сапалы білім мен құнды қасиеттерді сіңірген шәкірт өмірлік жолда еш адаспайды. Ұстаз өз кәсібінің хас шебері болғанда ғана нәтижелерге қол жеткізеді. Алматы қаласынан съезге барған делегаттардың барлығы кәсіби

САПАЛЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ –
ЕЛ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ

шеберліктері шыңдалған, өздерінің де, шәкірттерінің де жетістіктерін саралап, ауыз толтырып айта алатын жандар. Дегенмен, әріптестерім үшін бұл қалыпты нәрсеге айналғандықтан, жетістіктерін айтып мақтанбайды. Съезден түйген ойларын ортаға салып, жаңа идеяларымен бөлісті.

Съезге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қатысуы ұстаздарға деген зор құрметтің белгісі. Ел Президенті мұғалім мамандығының мәртебесі барлық мамандықтан жоғары деп бағалады. Мәртебелі мамандық иелерінің өз кезегінде озық білім беруі маңызды міндет екенін атап өтті. Қазіргі таңда біздің алаңсыз еңбек етіп, сапалы білім мен тәрбие беретін құзыреттілігі жоғары жас мамандарды дайындауымызға мемлекетіміз барлық жағдайды жасап жатыр. Сонымен қатар, көшбасшы кадрлар резервін дайындау жобасы сәтті жүргізіліп отыр. Мектептердің жаңа технологиялармен жабдықтауы білім беру жүйесін жедел, әрі тиімді етті.

Съезде ұстаз біліктілігі, заманға сай озық білім беру, мектептердегі орын тапшылығы мәселесі, қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасының теңсіздігін жою, мектептің қауіпсіз орынға айналуы, білім беру үдерісін цифрландыру, оқушыға озық біліммен қатар өнегелі тәрбие берілуі керектігі кеңінен сөз болды. Жаңа буын ұрпақтың жаһандану дәуіріндегі тәрбиесі қазіргі таңда өте өзекті. Шәкіртті ашық әлемде мәдениетаралық қарым-қатынас құруға дайындау ұстазға жүктеледі. Тарих пәнінің мұғалімі ретінде өз елінің өткені мен бүгінгісін танып-білген, сын тұрғысынан ойлайтын, зерттеу дағдысы қалыптасқан, патриот тұлға тәрбиелеу менің міндетім. Өйткені, білім мен ғылым әрқашан биік тұруға тиіс.

Гүлхан РЗАҒАЗЫ,
Медеу ауданы, №19 жалпы білім беретін мектептің тарих пәнінің мұғалімі.



РЕСПУБЛИКА МАҚТАНЫШТАРЫ

КӨК ТУДЫ КӨККЕ КӨТЕРГЕН ҮЗДІКТЕР

Жыл аяғына жетпесе де, алдағы «Республика күніне» орай биыл әлем алдында Көк Туды желбіреткен үздік спортшыларымыздың тізімін ұсынамыз.

Халықаралық аренада Қазақстан атын шығарып жүрген бірден-бір спортшылардың бірі – Елена Рыбакина. Ол өткен жылы «Үлкен Дулыға» турниріне жататын әлемдік Уимблдон жарысында жеңіске жеткен болатын. Қазақстандық теннисші осы жылы да өз мықтылығын көрсетіп, үлкен жеңіске жете білді. Елена «Рим WTA 1000» мастерс турнирінің чемпионы атанып, әлемнің 4-ші ракеткасы болды. WTA рейтингіндегі бұл орын қазақстандық теннисшілер арасындағы ең жоғары көрсеткіш екенін айта кеткен жөн.

Биыл өз жетістігімен ел мақтанышына айналған спортшылар тізімінде бокстан Қазақстанның ерлер құрамасының боксшыларын айналып өте алмаймыз. Ташкентте өткен әлем чемпионатында құрама жігіттері 5 медаль жеңіп алды. Санжар Тәшкенбай (48 келі), Махмұд Сабырхан (54 келі), Асланбек Шымбергенов (71 келі), Нұрбек Оралбай (80 келі) өз



салмақтарында чемпион атанды, ал Дулат Бекбауов 67 келіге дейінгі салмақта күміс жүлдеге қол жеткізді. Әлем чемпионатындағы боксшы батырларымыздың бұл жеңісі – жыл жетістіктері қатарында екені сөзсіз.

Миллиондаған жанкүйері бар UFC ұйымында жеңісті жолын жалғастырып, Қазақстан атын танытып жүрген Шавкат Рахмоновты да ел мақтанышы деп айта аламыз. Аралас жекпе-жек ережелері бойынша өнер көрсететін жауынгеріміз биыл Лаг-Вегаста өткен UFC 285 турнирінде

америкалық Джефф Нилді мерзімінен бұрын жеңе білді. Бұл жетістік Шавкаттың өз салмағындағы рейтингте 6-орынға көтерілуіне көмектесті.

Айта кеткен жөн, айтылған жеңістен кейін спортшымыз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болған еді. Енді Рахмонов еліміздің Тәуелсіздік күніне туралы келесі жекпе-жегі Стивен Томпсонға қарсы өткізеді.

Спорт саласында 2023 жылы ірі жетістіктерге жеткен спортшылар қатарында Қазақстан құрамасының ка-

ратэшілері бар. 23 қыркүйек пен 8 қазан арасында Ханчжоуда өткен Азия ойындарына қатысқан каратэшілеріміздің барлығы жүлделі болды. Қайсар Алпысбай (60 келі), Нұрканат Әжіқанов (75 келі) және София Берульцева (68 келі) чемпион атанды. Ал Лаура Әлікүл, Мөлдір Жаңбырбай, Данияр Юлдашев күміс жүлде жеңді, сондай-ақ Дидар Әмірәлі мен Әсел Қанай қола жүлде қанжығалады. Каратэден Қазақстан құрамасы Жапония және басқа да елдерді басып озып, командалық есепте бірінші болды.

ФУТБОЛ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА: ЕУРО-2024 ТАҒДЫРЫ ШЕШІЛЕДІ



(ҚФФ ресми сайтынан алынды).

Алматыда Қазақстан ұлттық құрамасының Еуропа чемпионатына іріктеу кезеңі аясындағы шешуші ойындарына қызу дайындық жүріп жатыр.

Құрама ойыншыларының оқу-жаттығу жиыны 6 қазан күні Алматы қаласында басталған болатын. Магомед Адиев шәкірттері бүгін қорытынды жаттығуларын өткізіп, одан кейін Данияға аттанады. Жалпы бас бапкер шешімімен Дания және Финляндия құрамаларына қарсы өтетін матчтарға 34 ойыншы шақырту алған.

Айта кеткен жөн, 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу турнирінде біздің құрама Словения, Дания, Солтүстік Ирландия, Финляндия, Сан-Марино құрамаларымен бірге «Н» тобына түскен. Бүгінге дейін өткізілген 6 ойынның негізінде Словения және Дания командалары 13 ұпаймен көш бастап тұр. Ал Финляндия мен Қазақстан құрамалары 12 ұпаймен 3-4 орындарға жайғасқан. 3 ұпаймен 5-орында Солтүстік Ирландия болса, мүлдем ұпай жинай алмаған Сан-Марино тізімнің соңында тұр. Топтағы бірінші және төртінші орынның арасын 1 ұпай ғана бөліп тұрғандықтан, алғашқы төрттіктегі әр команданың Еуропа чемпионатына іріктеліп өтуіне әлі де мүмкіндік бар.

Қыркүйек айында Ұлттық құрама өз алаңымызда 2 ойын өткізді. «Астана аренада» өткен бірінші ойын 0:1 есебімен финляндиялықтардың пайдасына шешілсе, осы алаңда болған екінші матчта біздің жігіттер Солтүстік Ирландияны 1:0 есебімен жеңді. Енді Еуро-2024 іріктеу кезеңі аясындағы кезекті ойындар сырт алаңда өтеді. 14 қазан күні Магомед Адиев командасы Даниямен Копенгаген қаласында кездеседі. Ойын «Паркен» стадионында елорда уақытымен 00.45-те басталады. Үш күннен кейін біздің құрама Финляндиямен ойнайды. Кездесудің басталуы Астана уақытымен 22.00-ге жоспарланған. Матч Хельсинки қаласы, «Олимпия» стадионында өтеді.

СЕМСЕРЛЕСУ



(Сурет Ұлттық олимпиадалық комитетінің сайтынан алынды).

Алматыда Азия чемпионаты өтті

Қазақстандық семсершілер Азия жастары чемпионатында бес медаль жеңіп алды.

Алматыда семсерлесуден Азия жастар чемпионаты өтті. Барлығы Азия чемпионатына 17 елден 200-ден астам спортшы қатысты. Жарыс нәтижесі бойынша Қазақстан командасы бес медальмен марапатталды. Біздің семсершілер екі «күміс» және үш «қола» жеңіп алды. Тұғырдың екінші сатысына семсермен семсерлесуден ерлер мен әйелдер командалары көтерілді. Ерлер командасы атынан Александр Савин, Кирилл Павлов, Александр Федотов және Никита Жулинский өнер көрсетті. Әйелдер құрамын София Николайчук, Владислава Андреева, Александра Тамбовцева және Каролина Фомина ұсынды.

Сондай-ақ, Александр Федотов семсермен семсерлесуден жекелей жарыстардың қола жүлдегері атанды. Ал қылышпен семсерлесуден ерлер мен әйелдер командалары үшінші орынға орнықты. Марапат иегерлері қатарында Қайша Жәнібек, Полина Ко, Диляра Исабекова, Әдемі Серікбай, Нұрмұхамед Жайлыбай, Қайназар Нұрқатұлы, Артур Чупраков және Қуаныш Эргашбай бар.

ТЕННИС

Әмір топ жарды

Әмір Омарханов Оңтүстік Кореяда өткен теннистен беделді жарыстың жеңімпазы атанды.

Оңтүстік Кореяда жасөспірімдер арасында екінші санаттағы ITF Juniors - J300 WANJU турнирі мәресіне жетті. Беделді жарыста Әмір Омарханов (200 ITF Juniors) тамаша өнер көрсетті.

Қазақстандық теннисші үшінші айналымда жасөспірімдер арасында әлемнің 45-інші, доданың екінші ракеткасы, оңтүстіккореялық Джангжун Кимді қапы қалдырды – 6:7, 7:6, 6:3. Ал ширек финалда тағы бір корт иесі Юн Сун Йонгты жолдан тайдырды – 6:3, 6:3. Жартылай финалда жасөспірімдер арасында әлемнің 41-ракеткасы, аустралиялық Хайден Джонесті ойсырата ұтты – 6:1, 6:0. Титул үшін бәсекеде Қарағанды теннис мектебінің түлегі үндістандық, рейтингте 61-орындағы Юван Нандалдан басым түсті – 6:2, 6:2.

Осылайша Әмір Омарханов ITF Juniors жарысында төртінші титулына қол жеткізді.

ТОП-100

қазақстандық теннисшілермен толықты

Қазақстаннан екі бірдей жас теннисші әлемнің ТОП-100 қатарына кірді.

Халықаралық теннис федерациясы (ITF) жасөспірімдер арасында жарияланған әлемдік рейтингті жария етті. Әмір Омарханов пен Асылжан Арыстанбекова әлемдегі ТОП-100-дің қатарына кірді.

Оңтүстік Кореядағы ITF Juniors J300 турнирінде жеңімпаз атанған Омарханов бірден 100 сатыға көтеріліп, қазір 100-орында тұр. Асылжан Арыстанбекова 101-ден 88-ге жоғарылады. Сондай-ақ, Аяя Нұпбай 195-тен 159-ға шықты.

Үміт артамыз

Теннистен командалық әлем чемпионатына қатысуға Қазақстан әйелдер командасының құрамы аталды.

Қазақстан ұлттық әйелдер командасының «Билли Джин Кинг» Кубогының командалық әлем чемпионатына ойын өтінімі жарияланды. Ярослав Шведова бастаған жаттықтырушылар штабы келесі ойыншыларды таңдады: Елена Рыбакина (WTA жеке рейтингінің 5-ші нөмірі), Юлия Путинцева (WTA жеке рейтингінің 68-ші нөмірі), Анна Данилина (WTA жұптық рейтингінің 32-ші нөмірі), Жібек Құламбаева (WTA жұптық рейтингінің 154-ші нөмірі) және Аружан Сағандықова (WTA жеке рейтингінің 743-ші нөмірі).

Жеребе бойынша Қазақстан құрамасы «В» тобына түсіп, Словения мен Австралия командаларымен ойнайды. Австралиялықтар былтырғы әлем чемпионатының күміс жүлдегерлері, ал жалпы өз тарихында 7 рет әлемнің үздігі атанған.

2023 Billie Jean King Cup by Gainbridge финалы 7–12 қараша аралығында Севильяда (Испания) өтеді. Қазақстаннан басқа әлем чемпионатына тағы 11 команда қатысады: Швейцария (2022 жылғы «Билли Джин Кинг Кубогының» жеңімпазы), Австралия, Франция, Канада, Чехия, Италия, АҚШ, Испания, Словения, Германия және Польша.

Бетті дайындаған
Досбол АТАЖАН.



● КОНФЕРЕНЦИЯ



Алматыда Түркияның 100 жылдығы тойланды

Алматыда «Қазақстан мен Түркия: екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен болашағы» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Досбол
АТАЖАН

Ғылым Ордасында Түркия Республикасының 100 жылдығына арналған «Қазақстан мен Түркия: екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен болашағы» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Іс-шара ҚР ҰҚМ Философия, саясаттану және дінтану институты және Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуразия ғылыми-зерттеу институтымен ұйымдастырылды.

Конференцияға белгілі саясаттанушылар, тарихшылар, экономистер мен шығыстанушылар, сондай-ақ Түркияның Алматыдағы Бас консулдығының өкілдері қатысты. Іс-шара барысында өзара стратегиялық қызығушылық тудыратын салалардағы екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

— Біз Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өттік қой. Оған дейін біз түркі әлеміне жаттық, түркіміз дес тайпалардан тұрдық. Сол замандарда дүниеге келген үлкен-үлкен ойшылдар бар. Бұл ғұламалар барлығымызға ортақ. Енді басымыздың бірігуіне осы тұлғалардың ойы, түсінігі, дүниетанымы негіз болып отыр. Алдағы уақытта ғылыми-академиялық байланысты күшейтуді, ортақ жаңа бір журналдар ашуды жоспарлап отырмыз, — деді Философия орталығының директоры Серік Нұрмұратов.

Конференция барысында екі республиканың қарым-қатынастары тек экономикалық, сауда-саттық және саяси өзара іс-қимыл негізінде ғана емес, сонымен қатар мәдени-ағартушылық және тарихи-тұжырымдамалық қатынастарда да қалыптасып келе жатқаны айтылды. Сондай-ақ, әлемдегі тұрақсыздықтың күшеюі жағдайында Қазақстанға әріптестерімен ынтымақтастықты нығайту және арттыру қажеттігі, олардың арасында Түркия Республикасы ерекше орын алатыны атап өтілді.

— Қазақ-түрік қарым-қатынасының бауырластықтан бөлек, көптеген салалары бар. Ғылым, мәдениет, туризм не сауда-саттық жағында болсын, екі елдің қарым-қатынасы жыл өткен сайын тереңдеп, дамып келе жатыр. Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда өзара сауда айналымы тек 100 миллион доллар болса, қазір бұл көрсеткіш 6 млрд долларға жетіп отыр. Осыған қарап-ақ біз 30 жыл ішінде ынтымақтастығымыздың қаншалықты дамығанын көре аламыз. Алдағы болашақта екі ел арасындағы қарым-қатынасты дамытудың жаңа салаларына келер болсақ, энергетика саласын айта аламыз. Бұған Түркия тарапы да, Қазақстан тарапы да мүдделі, — деді Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Ебрен Мүддерісоғұлы.

● ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

ЖӘНІБЕКОВТІҢ ЖАУҒАРЛАРЫ

1953 жыл Қытай Халық Республикасында тұратын қазақтар үшін айрықша есте қалған жыл болды. Бұл жылы Үрімжінің Ақтерек жайлауында қазақтардың тұрмыс-тіршілігі мен өмір салтын бейнелейтін кино түсірілген. 1954 жылы түсіріліп біткен көркем фильм Қытайдағы қандастарымыздың ғана емес, бүкіл қазақ халқының мәдениет пен өнерде қол жеткізген үлкен табысының бірі еді.

Ол кез — жер-дүниеге коммунистік қоғамның етек жайған кезі. Қытайда да жаңа қоғам жаңа қадамдарға аяқ баса бастаған. Қатар жатқан екі алып держава — Кеңес Одағы мен Қытай Халық Республикасында коммунистер үстемдік құрып отырған соң екі арадағы байланыста біршама табыстар да бар болатын.

«Коммунистер аз ұлттар мен ұлыстарды жойып жібереді» деген сөзден аяқ тартқан коммунистік қоғам түрлі айла-шарғыларға барған. Сол үшін де олар «түрі — ұлттық, мазмұны — социалистік» дүниелер жасауға ерекше тырысып басты.

Әр нәрсенің де астарын терең ұғына білген зиялы қауым өкілдері бұндай жылымық орнаған сәтті оңтайлы пайдаланды. Екі елді де коммунистер билегендіктен, белгілі бір дәрежеде екі ел арасында түсіністік бар еді.

Қытайда түсірілген көркем фильмнің аты «Хасен—Жәмила» болатын. Қазақ өмірін бейнелейтін кино өте сәтті шықты. Коммунистер ұстанып отырған бағыт-бағдардың дұрыстығына айқын дәлел ретінде әдейі түсірілген кино әлемнің 28 елінің тіліне аударылды.

Қытайдағы қазақтардан шыққан белгілі қоғам қайраткері, сол жылдары Мәдениет министрі болған Бұқара Тышқанбаев беріліп отырған мүмкіндікті барынша тиімді пайдалана білген.

— Мен «Хасен—Жәмила» фильмінде бас кейіпкердің бейнесін сомдадым. Бұл өзі Қытай сыртқы істер министрі Жуинляудың тікелей басшылығымен түсірілген фильм. Алдында, барша әлемге коммунистер аз санды халықты жойып жібереді екен деген әңгіме тараған болатын. Осыны жоққа шығару мақсатында Қытай үкіметі «Коммунист деген араб сөзі, адамшылық дегенді білдіреді. Біз барлық ұлтты тең дәрежеде ұстаймыз» деп, «Хасен—Жәмиляны» түсіруге әдейі жақсы көңіл бөлді. Ал бұған басшылық жасаған — әрі акын, әрі суретші, әрі журналист Бұқара Тышқанбаев болатын, — деген еді бас кейіпкерді сомдаған Абылай Түгелтегі.

Қазақ өнеріне өзіндік үлес қосқан Абылай Жұмаханұлының есімі Қытай қазақтарының арасында жақсы таныс. 1956 жылы кинодағы жетістіктері үшін оған да, Жәмила бейнесін сомдаған қазақстандық өнер майталманы Фарида Шәріповаға да Қытай ордені берілді.

Бұл үлкен табыспен өткен «Хасен—Жәмила» көркем фильмінде бас кейіпкер Хасенді сомдаған әртиске ерекше ынтық қойып, көңіл бөлгендер тек қазақтар ғана болмағандығының айқын дәлелі еді. Алайда, әп-сәтте кеңінен танымал болған әртісті оның ізінен ерген тыңшылар көзден таса жібермеді.

Ақыры, 1957 жылы қамауға алынып, ол 2 жыл бойы Қытай түрмесінің дәмін татты. Ендігі жерде өзіне тыныштық жоғын білген Абылай Жұмаханұлы бұрыннан жүрген іш-тәгі арманы — Атамекенге кетудің орайлы сәтін тосады. Қазақтың соңғы көшіне қара нардай болып, 1962 жылы Қазақстанға аяғы тиген.

Коммунистік қоғамға қауіпті деп танылған Абылайдың бар айыбы — атақты Оспан батыр туралы әңгіме айтып, біреулерге Шәкәрімнің жазғандары жайында сөз қозғаған. Ол Кеңес Одағының құрамына кіретін Қазақстанға келгенде де Қытай коммунистері артына тағып жіберген қоныраудың үні өшкен жоқ. Айтқан сөзі аңдулы, басқан қадамы санаулы болды. Оншақты тілді емін-еркін меңгерген өнерпаздың аясы тарыла берген. Кейінірек, 1982 жылы Алматыдағы халық саз аспаптары мұражайына жұмысқа тұрғаннан



кейін ғана жақсы жандардың шарапатын көре бастайды.

— Ол кезде Қазақстандағы Мәдениет министрі Өзбекәлі Жәнібеков болатын. Ол кісі сөзден гөрі іс істейтін адамды жақсы көреді екен, әрі журналист, әрі халық саз аспаптарын жасайтын шебер Оразғазы Бейсенбаевтың осындай іскерлік қабілетін тани біліп, оны мұражай директоры етіп тағайындапты. Ол да Қытайдан келген болатын, менің ақын, сазгер, актер екендігімді жақсы білетін болғандықтан осы жұмысқа алды. Бірақ менің артымда «үндеместердің» адамы тығылып, тың тындап жүргендіктен, оның да артында Қытайдан келді деген қонырау тұрды. Өзекең — Өзбекәлі Жәнібеков сол кезде осы мұражайдың әрі жұмысшысы, әрі күзетшісі сияқты болып жүрді. Сөйтіп, күндіз-түні ұйықтамай еңбек етіп жүргенінде, үстінен «Өзбекәлі Жәнібеков ұлтшылдық жолына түсіп, ұлттық саз аспаптары мұражайын ашпақшы» деген арыз түсіпті.

Өмірінің соңғы күндеріне дейін ұлттық саз аспаптары мұражайы мен Өзағана деген адалдығын әйгілеп өткен қарт актер Абылай Түгелтегінің айтатын әңгімелері ұшан-теңіз еді.

Кезінде көп айтылмағанмен, сол кездері Қазақстанның Мәдениет министрі болып жүрген Өзбекәлі Жәнібековтің ерен еңбегін көпшілік жұрт жақсы білді. Алайда, қазақ өнері мен мәдениетінің түп-тарихына тереңдеп кеткенді ол кезде коммунистер құп көрмейтін. Шындығын айтқанда, біздегі коммунистік идеяның аржағында ұлы шовинистік саясат бұғып жатты. Ал оның мақсаты мүлдем басқа болатын.

Өзіне қаншама кінә тағылып жатса да, Өзбекәлі Жәнібеков алған бағытынан жаңылған жоқ. Ұлттың ұлттығын сақтап қалу үшін, алдымен, оның өнері мен мәдениетінің тарихына көз салу керектігін дәлелдеп шықты.

— Бұл мұражай үш түрлі жағдайды есепке алып ашылған болатын. Біріншіден, қазақтың аңыз-ертегілерінде айтылатын саз аспаптарын қайтадан дүниеге алып келу, екіншіден, қолда сақталып келген, коммунистер жойып жібермес үшін жасырын ұсталған аспаптарды қою, үшіншіден, Құрманғазы, Дина сияқты басқа да ұлы тұлғаларымыздың ұстаған саз аспаптарын көрнекі жерге сақтап қою мақсаттарында дүниеге келді. Алға қойылған бұл мақсат-міндеттерді адал атқарып шығуда Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегі шексіз болды, — деді сол уақытта әңгімеге араласқан осы мұражайдың ғылыми қызметкері Балтабай Қалым.

Шынында да, біз білетін Өзаған ұлы мақсаттардың жолында өзін құрбан етуге бар еді. Қытайдан келгендер жау сияқты көрініп, олармен жиі араласуға болмайтын заманда, өзі айкай-шумен ашылған мұражайға бір емес, екі бірдей Қытай қазағын қызметке алды. Олардың әрбірінің артында аңдушы жүрген уақта ол оңай шаруа емес болатын. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрі мен тұрмысының әлі қаймағы бұзылмаған ортасының бірі — Қытайдағы қазақтар екенін жақсы түсінген Өзбекәлі Жәнібеков оларды барынша қолдап өтті.

— Ол кезде менің соңыма «үш әріптің» адамдары түсіп жүргенін Өзекең жақсы біледі, менімен жеке сөйлеспейтін. Бірақ мені

сырттай қолдап жүрген ол «Абылай Қытай мұрағаттарынан не көрді екен, біздің Қазақстан туралы ол жақта мәліметтер көп болар. Құнды нәрселерді білетін болса, оған жағдай жасайық» деп бастығыма айтады екен. Ол кісінің білгісі келіп жүрген мәліметтердің біразы, шынында да, менде бар еді, — деп, үлкен сағынышпен еске алған болатын Абылай Түгелтегі.

Кезінде қарт актер Абылай V ғасырда бүкіл Орта Азияны аралаған У Ли Гау деген Қытайдың саяхатшы-этнографының Пекиндегі Гуду мұрағатында тұрған жазбаларын көшіріп алған-ды. Онда «Балқаштың батысында 70 шақырым жерде 9 бөлігі — тас, бір бөлігі — жер тау бар. Соның батысында ежелгі Қыпшақтардың тасқа салған таңба, суреттері бар. Бұл — Қыпшақтар Азияның көне халқы екенінің дәлелі» деп жазылған еді.

Абылай Түгелтегі өзіндегі осындай құнды мәліметтерді Оразғазы бастығы арқылы Өзағана жеткізеді. Содан Өзбекәлі Жәнібеков оны біраз кісілермен қосып Ұлытау төңірегіне ыссапарға аттандырады.

Бұл сапарға жауапты — сол кездегі «Білім және еңбек» журналының редакторы Акселеу Сейдімбеков еді. Бұл сапардың басты жетістігі — Ұлытауда тұрған үлкен түйеасты Алматыдағы осы мұражайға әкеліп қойды.

Ұлытаудан әкелінген түйеастың тарихы өз алдына бөлек әңгіме. Қажырлы қоғам және мемлекет қайраткері, зерттеуші-ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің табандылығы бұл жерде де ерекше анық байқалған еді. Мәдениет министрі бола тұра, бұл шаруаның басы-қасында өзі болып, іздеген тастардың мұражайға жеткізілуін қадағалап отырған. Тарихы терең түйеаст мұражайға жеткенше екі айдан астам уақыт кеткен болатын.

Бір аяқ-бір қолын коммунизмге артып тұрған біздің елімізде ол кездері жай көзге ештеңе байқала қоймайтын. Дегенмен, бір қазаққа екі тыңшыдан келіп тұрған заманда ұлт мүддесі үшін жұмыс істеу оңайға түскен жоқ еді. Өзінің үстінен арыз-шағымдар қардай борап жатқанда, «үш әріптің» ортасында жүріп, ағысқа қарсы жүзе білген Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегін көзсіз ерлікке баулуға болады. Алматыдағы Халық саз аспаптары мұражайындағы жәдігерлер соның бір ғана дәлелі дерсіз. Алайда, оның өзі мұны ерлік деп емес, ел алдындағы парызым деп білген. Жұрт көлеңкесінен қорқып жүргенде, ол өзінің алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру жолында ештеңеден тайсалған емес. Мемлекеттік, қоғамдық істерге, әсіресе ұлттық мүддені көздейтін жұмыстарға өзінің жеке шаруасындай үлкен ықыласпен, ерекше ынтымен кірісті. Бір қызығы, шын мәніндегі жеке шаруалар Өзағанды ешқашан толғандырып көрмеді. Мұның өзі талай-талай қызықтардан құралатын, жеке бір әңгімеге арқау болатын өз алдына бөлек тақырып. Ал әзірге «Мен істемегенде кім істейді?» деп, іштей бекем бел байлаған Өзағанның «жеке шаруаларының» бірі — мұражай төңірегінде ғана айтып өтуді парыз санадық.

Әнуарбек
ӘУЕЛБЕК





ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет. 2024 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503	Жеке жазылушылар үшін	95503	Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін
6433,44	теңге	4033,44	теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, көз келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.

БРИФИНГ

Тұмаудан да вакцина қорғайды

Құз келісімен тұмау жұқтыру мен вирустық инфекциялардың таралуы арта түседі. Ал ЖРВИ мен тұмаудың алдын алудағы негізгі профилактика – вакцина алу. Алматы дәрігерлері осылай дейді. Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Жекенов атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының инфекционист-дәрігері Перуза Арықованың қатысуымен брифинг өтті.



тырау, жалпы әлсіздік, төбеттің төмендеуі, дене қызуының көтерілуі); катаральды синдром (жөтел, мұрынның ағуы, түшкіру, мұрынның тыныс алуының бұзылуы, кейде конъюнктивит).

«Респираторлық вирустық инфекциялар кезінде катаральды синдромдар айқынырақ болады, бұл мұрынның сулануы, жөтел, тамақтың қышуы, ринорея болуы мүмкін. Тұмау кезінде бастың қатты ауруы, температураның 40 градусқа дейін көтерілуі, әлсіздік, дененің ауырсынуы да көрініс табады. Егер ЖРВИ кезінде адам жөтелсе, түшкірсе, тұмау кезінде әлсіздік байқалса, ол еңбекке қабілетін жоғалтады», – дейді спикер.

ЖРВИ белгілері пайда болған кезде сарапшы дәрігерлерге баруды, басқаларға қауіп төндірмеуді және өзін-өзі нашар сезінгенше күтпеуді ұсынады. Инфекция көзі – науқас адам. Жөтеліп, түшкіргенде ол вирус таратады.

Тұмаудың алдын алудың тиімді әдісі вакциналау болып қала береді. Осыған байланысты қала тұрғындарын тұмауға қарсы екпе алуға және ауыр асқынулардың алдын алуға шақырады. Сондай-ақ, өзін-өзі емдеумен айналыспай, уақытында дәрігерлерден көмек сұрау қажет.

Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

«Қазпочта» АҚ «Алматы почтамты» Алматы филиалы 2023 жылғы 16 қазанда Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 134 мекенжайындағы операциялық залда «Жазылушы күнін» өткізеді.

Іс-шараның басталуы таңертеңгі сағат 10.00.

Бұл күні 2024 жылға «Алматы ақшамына» жазылу 20 пайыз біздің жеңілдіктермен жүргізілетін болады.

2023 жылғы 16 қазанда, сағат 14.00-де 2024 жылға мерзімді басылымдарға жазылушылар үшін жүлделер ойнатылатын болады. «Алматы ақшамының» да бағалы сыйлықтары бар.

Сіздерді күтеміз!

Құрметті аудан тұрғындары!

2023 жылы 18 қазанда сағат 11:00-де Алматы қаласы, Тлендиев көшесі, 35 мекенжайындағы «№96 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де Алматы ауданының әкімі А.Е. Жәкібаевтің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға Алматы қаласы Мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, прокуратура қызметкерлері және қалалық басқарма өкілдері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimat_almaly, Twitter – akimat_almaly, Алматы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

ТУРИЗМ

ҚҰТҚАРУ ҮЙШІКТЕРІ

вандализмнен кейін қалпына келтірілді

Алматы қаласының Туризм басқармасының қолдауымен «Лунная поляна» құтқару үйшігінде жөндеу жұмыстары жүргізілді. Есік, терезе, жатын орын және үйшік қабырғалары қалпына келтірілді. Нысан пайдалануға толық дайын.

Биыл жазда бұзақылар құтқару мекемесіндегі есік пен терезені сындырып, қабырғаларды майыстырып, төсектегі матрасты өртеп кеткен еді. Алматы тауында теңіз деңгейінен 2500 м биіктікте орналасқан «Лунная поляна» құтқару үйшіктері қиын жағдайға тап болған және адасқан туристерге арналған.

Таудағы қауіпсіздік үшін жасалған шаралар аясында соңғы бірнеше жылда қалалық Туризм басқармасы таулы жерлердің шалғай учаскелерінде 18 тау үйшігін орнатты. Олардың орындары 2GIS қосымшасында белгіленген. Құтқару нысандары күн панельдерімен және барлық қажетті құралмен жабдықталған.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

«Bilim school» ЖШС мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі бір оқушыға жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8 (7172) 69-50-37, 8 (7172) 69-50-58, сайты: www.fincenter.kz.



ФОРУМ

ОТАНДАСТАР БАС ҚОСҚАН ФОРУМ

Астана төрінде әлем елдеріндегі ғылым мен техника, мәдениет пен өнер салаларында жаһанды мойындатып жүрген этникалық қазақтар «Отандастар» форумында бас қосты. Мемлекет басшысы «Отандастар» форумына қатысушыларға Үндеу жолдады.



Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларды «Отандастар» форумының ашылуымен құттықтады.

«Бұл – халқымыз үшін айрықша мәні бар басқосу. Қазақта «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген сөз бар. Ата-бабамыз қашанда елдік мәселелерді алқалы жиында ақылдасып шешкен. Осы орайда шетелдегі қазақтармен жан-жақты байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және басқа да өзекті мәселелерді өздеріңізбен бірге талқылаудың маңызы зор. Қай мемлекетті мекен етсе де, қазақтың бір

ғана тарихи Отаны бар, ол – Қазақстан. Сондықтан біз шетелде тұратын бауырларымызды қолдауға қашанда баса мән береміз. Олардың Атажұртқа қоныс аударуына барлық жағдай жасалған. Қазақстан азаматтығын және қандас мәртебесін алу тәртібі жеңілдетілді. Шетелдегі қазақ кәсіпкерлері үшін «Ата жолы» картасы енгізілді. Басқа да маңызды жұмыстар атқарылуда. Қандастармен қарым-қатынасты дамыта түсуге бағытталған осындай шаралар жалғаса береді», делінген Президент Үндеуінде.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға әлемнің әр түкпірінен арнайы келген қандастарымыз бен мәртебелі меймандарға алғыс айтып, аталған басқосуда алыстағы ағайынмен байланысты нығайтуға септігін тигізетін саликалы ой, салмақты пікірлер айтылатынына сенім білдірді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы жиын қатысушыларына зор денсаулық, бақ-береке тіледі.

- Форум – шетелдегі этникалық қазақтармен өзара байланысты жетілдіру және олардың еліміздің тұрақты дамуына үлесін қосу жолдарын қарастыратын жаңа форматтағы басқосу алаңы болып табылады.
- Форумға шетелдегі 200-ден астам қазақ ұйымдарының басшылары, белсенді және танымал тұлғалармен қатар, отандық ғылым, білім, мәдениет, спорт, бизнес, медиа, саясат, қоғамдық ұйымдар және басқа да салалардың көрнекті өкілдері мен белгілі қайраткерлер жиналды.
- Алқалы жиында этникалық қазақтардың және отандастардың еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі, қандастардың бастамаларын қолдау, қазақ мәдениетін насихаттау мәселелері көтерілді. Сонымен бірге, этносаралық татулықты нығайту бағдары талқыға түсті, мәдениеттің ұлттарды жақындастырудағы рөлі сараланды.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«КЕМПІРШУАҚ»

Әлемнің әр жерінде әр мезгілде аталып жүрген күздің соңғы жылы амалы туралы не білесіз, оқырман?..



Өткен аптада басталған «Кемпіршуақ» амалы жалғасуда. Бұл атаудың әлі күнге құлаққа тосын естілетіні жасырын емес. Оның да өзіндік сыры бар. Қалалық жердің тұрғындары көбіне-көп бұл сөз тіркесін естімей өсті.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Олар «Бабые лето» дегенді естіді. Орыстың «Бабые лето» амалы қыркүйек айының жиырмасында келіп, бір аптаға созылады. Ал «Кемпіршуақ» болса қазан айының басында басталып он-он бес күнге ұласады. Екі ортада «Мизамшуақ» (қыркүйектің соңғы аптасында) амалы бар.

«Кемпіршуақ» сөзінің қайдан шыққанына келейік. Малсақ бабаларымыз төрт түлігін күйіттеп күн кешкен ғой. Күн ұзақ мал соңында жүріп, қайтып келе жатқан қариялар киіз үйдің күн жақ бетінде жүн тазалап, сабау сабап отырған кемпірлерін, астықты келіге салып түйіп жатқан келіндерін көріп: «Кемпіршуақ» келіп қалыпты-ау» дейтін болған. Кей өңірлерде «келіншуақ» деп те атаған.

«Кемпіршуақ» әр елде климаттық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі уақытта болады. Орталық Еуропада көбінесе 14 қыркүйекте басталып, 2 аптаға

созылса, Солтүстік Америкада қыркүйектің соңында болады. Оңтүстік Сібірде қазан айының басында күн жылына бастайды. Қазақстанда да дәл солай. «Кемпіршуақ» кезінде көбінесе ауа құрғақ болады. «Егер «кемпіршуақ» құрғақ болса, күз жаңбырлы болады, керісінше «кемпіршуақ» жаңбырлы болса, күз құрғақ болады» деген бұрынғылардан жеткен сөз бар.

Осы құбылыс кезінде өрмекшілер көбейіп, торлары ұшып жүрсе, күз жылы, қыс салқын болады деген де тұжырым қалыптасқан. Мына ғажапты қараңыз,

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ Табиғат пен жәндіктер әрекетіне қарап жасалған жорамал:

- *Күзде құйын көп болса, қыс аязды болады.
- *Күз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.
- *Бұлт желге қарай көшетін болса, ұзамай жаңбыр жауады.
- *Жылан мезгілінде ұйықтамаса, күз ұзақ әрі жылы болады.
- *Қыс қатты болатын болса, тиін ұясын төмен жерге, жылы болса, жоғарыға салады.

кейбір жылына 1 рет қана гүлдейтін өсімдіктер осы кезде тағы бір мәрте гүлдейді екен...

Жастар былай тұрсын, қалада ғұмыр кешіп келе жатқан 50-дегі жігіт ағасы мен самай-шашын қырау шалған 60-тағы қарияның көбісі бұл атаудың мазмұнына мән бермейтіні өкінішті-ақ.

Мұқағали акын Алматы туралы бір өлеңінде:

«Сұлулығың сорың ғой
маңдайыңда,
Тағдырың тұр таңылып
тал-қайыңға.
Бөзің кетті біреудің
борбайында,
Сөзің кетті біреудің
таңдайында...», –

деп күйзеле жырлайды. Осындай енжар, салғырт қалпымызға налыған шығар-ау.

Бұрынғылар қазан айының 6-7-сіне «кіші қазан», 14-15-теріне «үлкен қазан» болады деп сақтанған. «Қазан айының онынан «Қара жел» амалы басталады. Жаңбыр жауады, қураған шөптер жібіп, кейбірін қазан ұрады. Күн кенеттен күрт суытып, шөптерге ертеңгілік ақ шық түсіп, ылғал молая түседі...» деген. Бұл пайым бойынша. Бұрынғылардың болжамы. Осы кезді қазақ «Ақ шық» амалы деп те атаған. Жоғарыда сөз еткен «Кемпіршуақ» амалының әсерінен салқындық көрініс бермеді. Өткінішті сылбыр жаңбыр ғана оқта-текте жауып тұр...

Бүгін өтіп жатқан айдың – 12-сі, ай жүйесі бойынша қазанның – 27-сі, ескіше айдың бітуіне 13 күн бар. Аспан денелерінің қозғалысы ауа райы құбылмалы болатынын аңғартқандай.

KAZAKH PIANO FEST – 2023



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ШЕБЕРЛЕР ЖИНАЛДЫ

Алматыда алғаш рет Халықаралық фортепиано музыкасы фестивалі өтіп жатыр

9–13 қазан аралығында Алматыда алғашқы рет Ева Коганның 95 жылдығына арналған «Kazakh Piano Fest – 2023» фортепиано музыкасының Халықаралық фестивалі өтуде. Фестиваль аясында Қазақстан, АҚШ, Ресей, Грузия, Румыния және Германиядан келген фортепиано музыкасының үздік өкілдері өнер көрсетіп жатыр.



Досбол
АТАЖАН

Фестиваль аясында БАҚ өкілдері үшін арнайы баспасөз мәслихаты ұйымдастырылды. Оған іс-шара ұйымдастырушылары, шетелдік қонақтар мен демалушылар қатысты.

«Қазақстанда алғаш рет фортепиано фестивалі өтіп жатыр. Халықаралық жоба әрбір қатысушы мен тыңдаушының кәсіби мәртебесін арттырады. Іс-шараның бұл ауқымы мәдениеттің дамуына мүмкіндік береді, адамның рухани қазынасын кеңейтеді.

Мәдени байланыстар әрқашан халықтар достығын нығайтуға ерекше әсер етті. Бүгінгі жобаның қатысушылары да еліміздің музыкалық білім беру ісінің аңызы, фортепиано мектебінің негізін қалаушы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, ҚазКСР еңбек сіңірген әртісі, қазақстандық композиторлардың шығармашылығын насихаттаушы Ева Бенедиктовна Коганның алдына қойған осы тапсырмасын толығымен еңсертетініне сенемін», – деді «Art Forum of Kazakhstan» Халықаралық шығармашылық ұйымының Бас директоры Ерназар Ғимарат.

Фестивальдің ұйымдастырушылары – «Art Forum of Kazakhstan» Халықаралық шығар-

машылық ұйымы және Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы.

– Бұл консерватория тарихындағы және қаламыздың музыкалық мәдени тарихындағы маңызды күндердің бірі. Өйткені, мұндай фестиваль алғаш рет өткізіліп отыр. Консерватория қабырғасында жыл сайын әртүрлі іс-шаралар өтіп келеді. Бірақ пианистерге тиісті назар бөлінбей жүрді. Енді Ева Коганның 95 жылдығына орай осындай іс-шара өткізіп отырмыз. Ева Бенедиктовна шынымен ерекше тұлға. Ол Қазақстан фортепиано мектебінің негізін салушы, өмірін музыка жолына арнап, талай таланттарды тәрбиелеген адам.

«Art Forum of Kazakhstan» Халықаралық шығармашылық ұйымымен бірге алғашқы рет осындай фестиваль ұйымдастыра алғанымызға қуаныштымыз. Фестивальге консерватория ұстаздары да, тәлімгерлер де қатысып жатыр. Қазір әлемдегі жағдай ушығып тұрса да, бір сахнада әртүрлі ұлттардың, мемлекеттердің адамдары өнер көрсетіп келеді. Өйткені, бірімізді музыка біріктіреді. «Әдемілік – әлемді құтқарады» деп бекер айтылмаса керек. Сондықтан өнердегі ауызбіршілігіміз сақтала берсін деп тілеймін, – деді Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының проректоры Ғалия Бегембетова.